

## Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 маусымда № 32922 болып тіркелді.

### 3ҚАЙ-ның ескертпесі!

#### Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 12-бабының 5) тармақшасының жиырма екінші абзацына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидалары бекітілсін.
2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарының және бұйрықтың құрылымдық элементінің күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қызметтер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
  - 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;
  - 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

#### 5. Осы бұйрық:

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларының 3-тармағының 30) тармақшасын, 8-тармағының 7) тармақшасын, 10, 11, 12-тармақтарын, 15, 16-тармақтарын, 17-тармағының екінші бөлігін, 20-тармағының 3) тармақшасын, 24-тармағының 2) тармақшасын, 25-тармағын, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48-тармақтарын, 51-тармағының үшінші бөлігін, 56-тармағын, 72-тармағын; Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына 3-қосымшаның 2-

тармағының екінші абзацын, 3-тармағының 3) тармақшасын, 7-тармағының 1) тармақшасының үшінші абзацын, 8-тармағының 13) тармақшасының төртінші абзацын, 10-тармағының 4) тармақшасын, 5, 9, 15, 16, 24-қосымшаларын қоспағанда 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

T. Дүйсенова

## "КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2023 жылғы 29 маусымдағы  
№ 260 бұйрығына  
1-қосымша

## Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының жиырма екінші абзацына, сондай-ақ "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленді және медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу тәртібін айқындайды

2. Медициналық-әлеуметтік сараптаманы (бұдан әрі – МӘС) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) жүргізеді.

Ауру мен мүгедектіктің деңгейіне, құрылымына қарай МӘС бөлімдері жалпы бейіндегі, мамандандырылған бейіндегі (кәсіптік ауруы бар, туберкулезben ауыратын, психикалық ауытқулары бар науқастар үшін) және педиатриялық бейіндегі МӘС бөлімдері болып бөлінеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) абилитация – мүгедектігі бар адамдардың бойында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік қызметке қабілеттілікті қалыптастыруға және дамытуға бағытталған шаралар кешені;

2) біліктілік – қызметкердің кәсіптік даярлығының дәрежесі, күрделілігі белгілі дәрежедегі жұмысты орындау үшін қажетті білімі, ептілігі мен дағдыларының болуы;

3) емдеуші дәрігер - пациент медициналық ұйымда байқауда болған және емделген кезеңде оған медициналық көмек көрсететін дәрігер;

4) еңбек ету қабілетінен айырылу – қызметкердің жұмысты орындау, қызмет көрсету қабілетінен айырылуы, оның дәрежесі айырылған еңбек ету қабілетіне пайыздық қатынаста көрсетіледі;

5) еңбек қабілеті – жұмыстың орындалу мазмұнына, көлеміне және шарттарына қойылатын талаптарға сәйкес қызметті жүзеге асыру қабілеті;

6) "Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Еңбек нарығы" ААЖ) – әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызмет көрсету мақсатында халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты жұмыспен қамтудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының, еңбек ресурстарын дамыту және ведомствоаралық өзара іс-қимыл орталығының қызметтін автоматтандыруға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

7) кәсіптік ауру – жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде оған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған созылмалы немесе қатты ауру;

8) кәсіптік еңбек ету қабілеті – қызметкердің белгілі бір біліктіліктері, көлемдегі және сападағы жұмысты орындауға қабілеті;

9) кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі (бұдан әрі – КЕА дәрежесі) – қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау қабілеті төмендеуінің деңгейі;

10) куәландыру – оналту әлеуеті мен болжамын белгілей және ескере отырып, МӘС жүргізу;

11) куәландырылатын адам – өзіне қатысты МӘС жүргізілетін адам;

12) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Е-Собес" ААЖ) – материалдық және заттай мәнде әлеуметтік көмек, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің бизнес-процестерін автоматтандыруға, жергілікті атқарушы органдар жүргізетін іс-шаралардың дерекқорын қалыптастыруға, жүргізуге және пайдалануға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

13) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) - еңбек саласында, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен халықты әлеуметтік қорғау саласындағы іске асыруышылық және бақылау функцияларын өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның ведомствосы;

14) МӘС – мүгедектікті және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілей отырып (белгілемей), организм функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған куәландырылатын адамның тіршілік-тынысының шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттіліктерін айқындау;

15) МӘС әдіснама және бақылау бөлімі – аумақтық бөлімшениң МӘС мәселелері бойынша әдіснаманы және бақылауды, бақылау жүргізу бойынша қайта куәландыру, МӘС бөлімдерінің сараптамалық қорытындысына шағымдарды қарауды жүзеге асыратын бөлімі;

16) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі – МӘС бөлімшесі, бөлімі) – уәкілдепті мемлекеттік органның МӘС жүргіzetін құрылымдық бөлімшесі;

17) мүгедектігі бар адам – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

18) мүгедектігі бар бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

19) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау – мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету, оңалту, сондай-ақ олардың қоғамға етene араласуы жөніндегі шаралар кешені;

20) мүгедектігі бар адамдарды оңалту – мүгедектігі бар адамның тұрмыстық, қоғамдық, кәсіптік және өзге қызметке қабілетін толық немесе ішінана қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені;

21) "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "МОДБ" ААЖ) – мүгедектікті белгілеу, еңбек ету қабілетінен айырылу,abilitациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу бойынша бизнес-процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ МӘС бөлімдерінде куәландырудан өткен адамдар бойынша деректерді сактау мен өндеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

22) мүгедектік – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығының бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі;

23) мүгедектігі бар адамдыabilitациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ) – мүгедектігі бар адамдыabilitациядан және оңалтудан өткізуудің нақты көлемін, тұрларі мен мерзімдерін оның жеке қажеттіліктері негізінде белгілейтін күжат;

24) оңалту әлеуеті – мүгедектігі бар адамдардың организмінің бұзылған функциялары мен қабілеттерін медициналық, психологиялық және әлеуметтік факторларды талдау негізінде қалпына келтірудің нақты мүмкіндіктерінің көрсеткіші;

25) оңалту болжамы – оңалту әлеуетін іске асырудың болжамды мүмкіндігі және мүгедектігі бар адамдарды қоғамға кіріктірудің болжамды деңгейі;

26) оңалту-сараптамалық диагностика – оңалту әлеуетінін, оңалту болжамының бағасы;

27) "Оңалтудың техникалық құралдары" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ОТҚ АЖ) – ОЖБ-ға сәйкес мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық қомекші (орнын толтыруши) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын іріктеу процесін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе;

28) организм функцияларының бұзылуы – организмнің қызметінде немесе құрылымында туындастын, олардың нормадан едәуір ауытқуы ретінде қаралатын проблемалар;

29) өндірістік жарақат – өзінің еңбек міндеттерін орындау кезінде алған, еңбек ету қабілетінен айырылуына әкеп соққан, қызметкер денсаулығының зақымдануы;

30) сырттай проактивті куәландыру – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және медициналық ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен (бұдан әрі – ҚР ДСМ АЖ) келіп түскен иесіздендірілген құжаттар негізінде МӘС жүргізу;

31) тіршілік-тынысының шектелуі – адамның өзін-өзі қарап күту, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлай алу, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу және еңбек қызметімен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуы;

32) уәкілдеме мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының занамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Қордың қызметін реттеу, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

## **2-тарау. МӘС жүргізу тәртібі**

### **1-параграф. МӘС жүргізу үшін негіздер**

4. Медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының (бұдан әрі – ДКК) жолдамасы:

1) организм функциялары тұрақты бұзылған кезде алғаш куәландыру;

2) қайтадан куәландыру (қайта куәландыру) мақсатында МӘС жүргізу үшін негіздеме болып табылады.

5. Медициналық ұйымдар тіршілік-тынысының шектелуіне алып келетін ауруға, жарақат зардаптарына немесе кемістікке байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шараларын

жүргізгеннен кейін, анатомиялық кемістіктері бар адамдарды, 21-хромосома бойынша трисомиямен (Даун синдромы), организм функцияларының едәуір немесе өте айқын білінетін бұзылуышылтықтары бар және оңалту әлеуеті жоқ жазылмайтын паллиативті көмек алатын ауруларды қоспағанда, еңбекке уақытша жарамсыздық басталған немесе балаларға және жұмыс істемейтін адамдарға диагноз белгіленген сәттен бастап кемінде төрт айдан кейін МӘС-ке жібереді.

Мүгедектігі бар адамдардың мүгедектікке әкелген аурулары бойынша денсаулығы нашарлаған кезде уақытша жұмысқа жарамсыздық құннен немесе балалар мен жұмыс істемейтін адамдарға диагноз белгіленген құннен бастап екі айдан кейін, МӘС-ға жіберіледі.

"Екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулар түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1033 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12733 болып тіркелген) бекітілген екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне кірмейтін шамалы білінетін организм функцияларының бұзылуымен кәсіптік аурулар кезінде медициналық оңалтуды жүргізу үшін көрсетілімдер болмаған кезде куәландаурылатын адам уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі есепке алынбастан КЕА дәрежесін белгілеу мақсатында МӘС-ке жіберіледі.

6. Медициналық ұйымдар қайта куәландаурудың кезекті мерзімін ескере отырып, мүгедектігі бар адамдарды және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылған адамдарды қайта куәландауруға (қайтадан куәландауруға) жібереді.

7. Медициналық тексеріп-қараудың толықтығын, көлемін және адамды МӘС-ке жіберудің негізділігін жолдама берген медициналық ұйымның ДКК төрағасы қамтамасыз етеді.

## **2-параграф. Куәландауру (қайта куәландауру) тәртібі**

8. Куәландаурылатын (қайта куәландаурылатын) адамға МӘС оның тұрақты тіркелген жері бойынша медициналық ұйымның ДКК жолдамасына сәйкес:

- 1) тиісті өнірдің МӘС бөлімдерінде және (немесе) МӘС әдіснама және бақылау бөлімдерінде;
- 2) стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында;
- 3) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында;
- 4) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде және тергеу изоляторында;
- 5) үйінде көрсетіледі;
- 6) сырттай;
- 7) сырттай проактивті.

9. Сырттай проактивті куәландауруды (қайта куәландауруды) қоспағанда, куәландауру (қайта куәландауру) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

МЭС жүргізуге өтініш (бұдан әрі – өтініш) бойынша куәландырылатын адамның, өтініш берген кезде заңды тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) ұсына отырып және "электрондық ұқімет" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжаттар түрінде алынатын мәліметтер негізінде жүргізіледі:

1) адамды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде немесе тергеу изоляторында ұстау фактісін растайтын мәліметтер;

2) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген № 031/е нысаны бойынша МЭС-ке қорытынды (бұдан әрі – № 031/е нысаны) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ-34 бұйрығымен бекітілген Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережеге (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11310 болып тіркелген) сәйкес № 031/е нысанының мерзімі оған қол қойылған күнінен бастап бір айдан кешіктірмейтін уақытқа жарамды;

3) медициналық ұйым оны әзірлеген кезде, № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген № 033/е нысаны бойынша мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігі (бұдан әрі – ОЖБ медициналық бөлігі);

4) сырқат динамикасын талдау үшін амбулаториялық пациенттің медициналық картасы, ауру тарихынан үзінділер, мамандардың қорытындылары және зерттеу нәтижелері – бар болса;

5) сараптамалық қорытынды туралы деректерді енгізу үшін жұмыс істейтін адам ұсынған еңбекке уақытша жарамсыздық парагы (анықтама);

6) алғашқы куәландыру кезінде еңбекке қабілетті жастағы адам ұсынатын еңбек қызметін растайтын құжат (бар болса), ал өндірістік жарақаттар және кәсіптік аурулар болған кезде, сонымен бірге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірістегі еңбек сипаты мен жағдайлары туралы мәліметтер (жұмыс беруші толтырады);

7) осы әлеуметтік қатер бойынша жалпы еңбекке қабілетінен айырылу дәрежесі (бұдан әрі – ЖЕА дәрежесі) алғаш рет белгіленген кезде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (немесе қатыспау) фактісін растайтын құжат;

8) өндірістік жарақат алған және/немесе кәсіптік ауруға шалдыққан адам осы жазатайым оқиға бойынша КЕА және (немесе) мүгедектіктің себебін белгілеу үшін КЕА дәрежесін алғашқы рет белгілеу кезінде ұсынатын "Еңбек қызметіне байланысты

жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын ресімдеу бойынша нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1055 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12655 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы акт (бұдан әрі – жазатайым оқиға туралы акт).

Жазатайым оқиға туралы акт болмаса және жұмыс беруші-дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе занды тұлға таратылған жағдайда өндірістік жарақат алған және/немесе кәсіптік ауруға шалдыққан адам ұсынатын еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен жарақаттанудың немесе аурудың себеп-салдарлық байланысы туралы сот шешімі қоса беріледі;

9) екі жылдық мерзімнен кеш емес берілген, кәсіптік ауруға шалдыққан адам ұсынатын "Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының қағидалары" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-301/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21862 болып тіркелген) нысан бойынша сараптамалық кәсіби патологиялық комиссия немесе республикалық кәсіби патологиялық тартыс комиссиясының қорытындысы;

10) жарапануға, контузияға, жарақаттануға, мертігуге, ауруға байланысты мүгедектік себептерін анықтау үшін бір рет берілетін, себеп-салдарлық байланысты белгілеген тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган берген құжат;

11) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеген кезде қорғаншылықты (қамқоршылықты) растайтын құжат;

12) "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы электрондық және қағаз жеткізгіштегі акт жазбаларының, куәліктер мен анықтамалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қантардағы № 9 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10173 болып тіркелген) атын, әкесінің атын (бар болса), тегін өзгерткен жағдайда қайта куәландыру кезінде куәландыратын адамның атын, әкесінің атын (бар болса) және тегін өзгерту туралы мәліметтер талап етіледі;

13) балаларды куәландыру (қайта куәландыру) кезінде – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындысы – бар болса.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, куәландырылатын адамның өтінішіне № 031/е нысаны, сондай-ақ тиісті құжаттардың қағаз жеткізгіштегі көшірмелері және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары қоса беріледі.

Құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2024 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-параграф. Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) кезінде МӘС-ке жолдау тәртібі**

10. Пациенттің тіркелген жері бойынша медициналық ұйымның емдеуші дәрігері немесе диспансердің емдеуші дәрігері, жарақат және ақаулардың салдарынан аурулар әсерінен тіршілік-тынысының шектелуіне әкелетін организм функцияларының тұрақты бұзылулары болған кезде:

1) МАЖ-да пациенттің деректерін:

ҚР ДСМ АЖ-дан "Бекітілген халық тіркеліміне" (бұдан әрі – БХТ) медициналық ұйым туралы мәліметтерді және пациентті тіркеу күні, әрекетке қабілеттілік мәртебесі, пациентті тіркеу мекенжайы, жеке басты куәландыратын құжаттардың деректері туралы мәліметтерді алу бөлігінде;

ҚР ДСМ АЖ-дан "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркеліміне" (бұдан әрі – ДНЭТ) пациент, АХЖ-10 коды бойынша тарихи деректермен және нозологиялармен "Д" есебіне қойылған күні туралы мәліметтер алу бөлігінде;

ҚР ДСМ АЖ-дан "Стационарлық науқастардың электрондық тізіліміне" (бұдан әрі – СНЭТ) емделген жағдай туралы мәліметтер алу бөлігінде;

МАБ-тан пациенттің немесе оның өкілінің ұялы байланысының абоненттік құрылғысының нөмірін тіркеу туралы мәліметтерді алу бөлігінде интеграциялау арқылы тексеру жүргізеді;

2) пациентті сырттай проактивті куәландыруға (қайта куәландыруға) жіберілгені және мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және /немесе қажетті әлеуметтік қорғау шарапарын айқындау үшін қажетті дербес деректерді және пациенттің заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын мәліметтерді жинауға және өндеге келісімі (бұдан әрі – келісім) туралы sms-хабарламаға жауап жіберу қажеттігі туралы хабардар етеді;

3) пациенттен немесе оның өкілінен Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 155/НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2020 жылғы 27 сәуірде № 20495 болып тіркелген) бекітілген проактивті қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес келісу туралы жауап алады.

11. №031/е нысаны ДКК төрағасының ЭЦК-сы бекітілгеннен кейін мынадай талаптар сақталған кезде автоматтандырылған режимде МАЖ-дан ҚР ДСМ АЖ-ға жіберіледі:

1) келісім туралы деректердің болуы және жауап жіберушінің ұялы телефон нөмірінің пациенттің немесе оның өкілінің ұялы телефон нөміріне сәйкес келуі;

- 2) "сырттай проактивті куәландыру" белгісінің болуы;
- 3) аурудың бейіні мен пациенттің жасын ескере отырып, міндегі жолдарды толтыру;
- 4) диагноздың Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) жүргізілетін нозологиялық нысандар тізбесіне (бұдан әрі – нозологиялық нысандар тізбесі) сәйкес келуі;
- 5) бір айдан асырмай МАЖ-дағы № 031/е нысанын қалыптастыру күні;
- 6) медициналық ұйым атауының БХТ деректеріне сәйкес келуі (диспансерлердің қоспағанда);
- 7) №031/е нысанында көрсетілген иесіздендірілген электрондық құжаттардың денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға, диагностиканың, емдеу мен оқалтудың клиникалық хаттамаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандығы № ҚР ДСМ-116/2020 бүйрығымен (бұдан әрі – ҚР ДСМ-116/2020 бүйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) бекітілген Медициналық оқалтуды көрсету қағидаларына сәйкес қоса берілуі.

## 12. Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) мынадай құжаттарды:

организм функцияларының бұзылу дәрежесін, диагноздар мен ұсынымдарды көрсете отырып, шағымдарын, объективті тексеру деректерін көрсететін мамандардың консультацияларын;

клиникалық, зертханалық, рентгенологиялық және басқа зерттеулердің нәтижелерін ;

пациенттің жай-күйінің динамикалық өзгерістерін көрсете отырып, амбулаториялық , стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда, үйде, санаторий-курорттық ұымдарда емделіп шығу жағдайының (емделіп шығу жағдайларының) нәтижелерін;

туындаған асқынуларды; зертханалық зерттеулердің, консультациялардың нәтижелерінің қорытындыларын; оқалту әлеуеті, оқалту диагнозы және оқалту маршрутының шкаласы ескерілген ұсынымдарды;

жедел/шұғыл медициналық көмек шақырған пациентке белсенді бару нәтижелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 155/НҚ бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2020 жылғы 27 сәуірде № 20495 болып тіркелген) бекітілген Проактивті қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес алынған пациенттің немесе оның өкілінің келісімі бойынша №031/е электрондық нысан негізінде жүргізіледі.

Медициналық электрондық құжаттар аурудың бейінін ескере отырып және денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға, диагностиканың, емдеу мен оқалтудың клиникалық хаттамаларына, ҚР ДСМ-116/2020 бүйрығына сәйкес ұсынылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ЭЦҚ бекітілген мынадай электрондық құжаттар:

- 1) еңбек қызметін растайтын құжат;
- 2) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (немесе қатыспау) фактісін растайтын құжат – аталған әлеуметтік тәуекел бойынша жалпы еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі алғаш рет белгіленгенде;
- 3) жаралануға, контузияға, жарақаттануға, мертігуге, ауруға байланысты мүгедектік себептерін анықтау үшін бір рет берілетін, себеп-салдарлық байланысты белгілеген тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган берген құжат;
- 4) қорғанышылықты (қамқоршылықты) белгілеген кезде – қорғанышылықты (қамқоршылықты) растайтын құжат келіп түседі.

Берілетін деректердің толықтығын, шынайылығын және бұрмаланбауын ақпаратты беретін АЖ тарапы (сервис иесі) қамтамасыз етеді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, көрсету нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес "Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау" (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) келтірілген.

14. Құжаттарды қабылдау барысында МӘС маманы, олардың (ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтердің) толықтығын, қолданылу мерзімін тексереді.

Қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және/немесе құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну (мәліметтерді алу) және/немесе медициналық-әлеуметтік сараптама бөліміне барып куәландыруға тұрақты тіркелмеген орны бойынша жүгінген кезінде, МӘС маманы өтінішті қабылдаудан бас тартып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

15. Сырттай проактивті куәландыруға (қайта куәландыру) құжаттар "МОДБ" ААЖ-ға келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті алушы және МАБ бойынша пациенттің немесе оның занды өкілінің (ата-анасының, қорғанышысының, қамқоршысының) ұялы байланысының абоненттік құрылғысының нөмірі тіркелген болуына ЖТМДК-ға автоматты түрде сұрау салу жүзеге асырылады.

"МОДБ" ААЖ 1) ЖТМДК-дан:

пациенттің немесе оның занды өкілінің қайтыс болуы;  
тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеудің болмауы;  
шетелге тұрақты тұруға кеткен адамның өтініш беруі туралы;

2) МАБ-тан – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының нөмірі тіркеуде болмауы туралы мәліметтерді алу кезінде ҚР ДСМ АЖ -ға осы Қағидалардың 5-

қосымшаға сәйкес Медициналық құжаттардың қабылданбау себептерін көрсетіп, ақпараттық хабарлама жібере отырып құжаттарды қайтарады.

16. "МОДБ" ААЖ-не келіп түскен №031/e нысаны мынадай талаптарға сәйкестігі тексеріледі:

- 1) жауап жіберушінің ұялы телефон нөмірінің пациенттің немесе өкілінің ұялы телефон нөміріне сәйкестігі;
- 2) "сырттай проактивті куәландыру" белгісінің болуы;
- 3) аурудың бейіні мен пациенттің жасын ескере отырып, №031/e нысандағы міндетті жолдарды толтыру;
- 4) диагноздың Нозологиялық нысандар тізбесіне сәйкестігі;
- 5) МАЖ-дағы №031/e нысанын қалыптастыру қүнінің бір айдан аспауы;
- 6) №031/e нысандағы медициналық ұйым атауының БХТ деректеріне сәйкестігі (диспансерлерді қоспағанда);
- 7) ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығына, денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға, диагностиканың, емдеу мен оқалтудың клиникалық хаттамаларына сәйкес №031/e нысандада көрсетілген электрондық құжаттардың қоса берілуі;
- 8) ЭЦҚ-ның болуы.

"МОДБ" ААЖ-де №031/e нысанының 25.1 -тармағына сәйкес "ОТҚ" АЖ-да сауалнаманың (сұраулардың) болуы тексеріледі.

Тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген талаптардың біріне сәйкес келмеген жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес медициналық құжаттарды қайтару себебін көрсете отырып ҚР ДСМ АЖ-ға ақпараттық хабарлама жіберіледі.

Медициналық ұйым қайтару себебін ( себептерін) ескере отырып, № 031/e нысанын сырттай проактивті куәландыруға (қайта куәландыруға) қайта жіберу мәселесін қарайды.

#### **4-параграф. МӘС жүргізу тәртібі**

17. МӘС ұсынылған құжаттарды (клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіптік және басқа да деректерді) қарау, куәландырылатын адамды көзбе-көз тексеру, организм функцияларының бұзылу мен тіршілік-тынысының, оның ішінде еңбек ету қабілетінің шектелу дәрежесін бақалау жолымен МӘС бөлімі басшысының немесе МӘС әдіснама және бақылау бөлімі басшысының және кемінде екі бас маманның қатысуымен алқалы түрде жүргізіледі.

МӘС сырттай проактивті форматта жүргізуге сараптамалық қызметтер көрсету үшін келісімшарт негізінде МӘС тәуелсіз сарапшылары тартылады.

МӘС бөлімінің және/немесе МӘС әдіснама және бақылау бөлімінің отырыстарын өткізу барысы аудиобейнежазба құралдарын пайдалана отырып белгіленеді. Аудиобейнежазбалардың деректері МӘС жүргізілген күннен бастап кемінде 4 (төрт) ай сақталады.

Аудио бейнеказбаның көшірмелері талқылау және шешімдер қабылдау процесінің жазбаларын қоспағанда, куәландырылатын адамның (занды тұлғаның) сұрау салуы бойынша беріледі.

18. МӘС сараптамалық қорытындысы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес организмнің негізгі функциялары бұзылуының және тіршілік-тынысы шектелуінің жіктемесі (бұдан әрі – жіктеме), сондай-ақ осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес он сегіз жасқа дейінгі балаларға мүгедектік мерзімдерін белгілеу үшін медициналық көрсетілімдердің негізінде организмнің жай-күйі мен тіршілік-тынысының шектелу дәрежесін кешенді бағалауға байланысты шығарылады.

19. МӘС жүргізу қорытындысы бойынша тыныс-тіршілігі санаттарының бірінің (өзін-өзі құту, жүріп-тұру, еңбек қызметі (еңбек қабілеті), оқу, бағдарлана білу, қарым-қатынас, өз мінез-құлқын қадағалау, ойын және танымдық қызмет, белсенді қозғалыс қабілеті) шектелуіне әкеп соқтыратын организм функцияларының тұрақты бұзылуы болмаған жағдайларда мүгедектік және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі белгіленбейді.

20. Сараптамалық қорытынды:

1) жүгінген күні;

2) МӘС бөлімі алдын ала шығарылған сараптамалық қорытындысымен бірге куәландырылатын адамды және (немесе) куәландырылатын адамның құжаттарын МӘС әдіснама және бақылау бөліміне консультацияға жіберген кезде жүгінген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде шығарылады. МӘС әдіснама және бақылау бөлімі консультациялық қорытынды шығарады, ол МӘС бөлімі сараптамалық қорытынды шығару кезінде есепке алынады.

Егер куәландырылатын адам МӘС бөліміне және (немесе) МӘС әдіснама және бақылау бөліміне келмесе, МӘС бөлімі оныншы жұмыс күні алдын ала шығарылған сараптамалық қорытындыға сәйкес және МӘС әдіснама және бақылау бөлімінің консультациялық қорытындысын ескере отырып сараптамалық қорытынды шығарады.

3) Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) кезінде МӘС актісі жобасы МӘС эксаумақтық сарапшыларына түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде. МӘС актісі жобасының 16.00-ден кейін түскен жағдайда, сараптамалық шешім шығару мерзімі келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі.

21. Көзбе-көз куәландыру (қайта куәландыру) куәландырылатын адамның немесе занды өкілінің келісімін үйде, стационарда, ал куәландырылатын адам тасымалдауға келмейтін және (немесе) қызмет көрсетілетін өнірден тыс жерлерде стационарлық емделуде жүрген кезде сырттай, №031/е нысаны бойынша ДКК ұсынысы негізінде жүргізіледі. Сырттай куәландырылған (қайта куәландырылған) кезде №031/е нысанды куәландырылатын адамның орналасқан жері бойынша өнірдің медициналық ұйымы ресімдейді.

Сырттай мүгедектік және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі бір жылдан аспайтын мерзімге бір рет айқындалады.

22. № 031/е нысаны негізсіз ресімделген жағдайда (организмнің жай-күйін және тіршілік әрекетінің шектелу дәрежесін кешенді бағалау үшін деректердің болмауы) көзбе-көз куәландыру кезінде МӘС бөлімі тексерудің және ұсынылған медициналық құжаттарды талдау деректерінің негізінде сараптамалық қорытынды шығарады және сараптамалық қорытынды шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы медициналық және фармацевтикалық бақылау саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне және пациентті жіберген медициналық ұйымға № 031/е нысанының көшірмесін қоса бере отырып хабарлайды, бұл туралы МӘС актісінде және № 031/е нысанының МӘС сараптамалық қорытындысы туралы хабарламасында жазба жасалады.

23. МӘС жүргізген кезде диагнозы мен функционалдық бұзылыстардың дәрежесін нақтылауды талап ететін дау тудыратын сараптамалық мәселелерді шешу үшін МӘС әдіснамасы мен бақылау бөлімдерінің отырысына консультанттар (кардиологтар, онкологтар, офтальмологтар, педиатрлар, психологтар және басқа да бейінді мамандар) шақырылады.

24. Осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес мүгедектікті, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу күні:

1) куәландырылатын адамның және/немесе оның занды өкілінің МӘС бөліміне жүгінген күні;

2) сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) кезінде, "МОДБ" ААЖ-да МӘС актісі жобасы түзілген күн болып есептеледі.

**5-параграф. МӘС актісі жобасының түзілуі және оны сырттай проактивті куәландыруға (қайта куәландыруға) жолдау тәртібі**

25. Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) кезінде № 031/е нысаны "МОДБ" ААЖ-ның "Тіркелген МӘС актілерінің тізілімі" модуліне түседі.

"МОДБ" ААЖ-да автоматты түрде:

1) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес куәландырылатын адамның келіп түскен медициналық құжаттарының негізінде МӘС актісінің жобасы (бұдан әрі - МӘС актісінің жобасы) қалыптастырылады;

МӘС актісінің жобасына автоматты түрде жасалатын және 14 саннан куәландыру күні мен реттік нөмірден тұратын бірегей нөмір беріледі;

2) медициналық құжаттарда көрсетілген куәландырылатын адамның ЖСН, Т.А.Ә., туған күні, тұрғылықты мекенжайы, жұмыс орны, медициналық ұйымның, медицина қызметкерлерінің және занды өкілінің деректері иесіздендіріледі;

3) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күту парагы қалыптастырылады;

4) Сырттай проактивті куәландыруға (қайта куәландыруға) қатысатын сарапшылар тізілімінен МӘС бөлімдерінің эксаумактық үш сарапшысын (бір басшы мен екі бас маман) таңдау жүргізіледі.

МӘС бөлімдерінің эксаумактық сарапшыларын таңдау маманның бейінін, көшпелі отырыстар кестелерін, еңбек демалысының немесе ақысыз демалыстың кезеңдерін, сондай-ақ уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңін ескере отырып жүзеге асырылады.

5) МӘС бөлімдерінің эксаумактық сарапшыларына "МОДБ" ААЖ-дағы иесіздендірілген құжаттарға қолжетімділік болатын МӘС актісі жобасының нөмірі түседі.

## **6-параграф. Сараптамалық қорытындының түзілуі**

26. Организм функцияларының бұзылуы мен тіршілік-тынысының, оның ішінде еңбек ету қабілетінің шектелуі дәрежесіне қарай мүгедектігі бар адамдар деп танылған адамға бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектік, жеті жасқа дейінгі адамға "мүгедектігі бар бала" санаты, ал жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі адамға бірінші топтағы мүгедектігі бар бала", "екінші топтағы мүгедектігі бар бала", "үшінші топтағы мүгедектігі бар бала" санаттары белгіленеді.

27. МӘС жүргізу кезінде мынадай мүгедектік себептері және (немесе) ЖЕА дәрежелері айқындалады:

- 1) жалпы ауру;
- 2) еңбек жарақаты;
- 3) кәсіптік ауру;
- 4) бала кезінен мүгедектік;
- 5) жеті жасқа дейінгі балалардың мүгедектігі;
- 6) жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі балалардың мүгедектігі;

7) тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган себептік-салдарлық байланысты белгілеген жағдайда, қызметтік міндеттерін атқару кезінде, әскери қызмет өткеру кезінде, азаматтық немесе әскери мақсаттағы ядролық объектілердегі авариялардың зардаптарын жою кезінде не ядролық объектілердегі авариялық жағдайлар нәтижесінде алған жаралану, контузия, мертігу, ауру, әскери қызмет міндеттерін (қызметтік міндеттерін) атқаруға байланысты емес жазатайым оқиғаның салдарынан болған жаралану, контузия, мертігу, ауру не әскери және қызметтік борышын орындауға байланысты емес ауру;

8) тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган себеп-салдарлық байланысты белгілеген жағдайда төтенше экологиялық жағдайлар, оның ішінде ядролық жарылыстар мен сынақтар кезіндегі радиациялық әсер етудің салдарынан және (немесе) олардың зардаптарынан болған мүгедектік айқындалады.

Осы тармақтың 7) және 8) тармақшаларындағы мүгедектік себептері себеп-салдарлық байланысты анықтаған уәкілетті органның келтірген тұжырымына қатаң сәйкестікпен шығарылады.

28. Өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өндірістік жаракат алған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан қызметкерге (бұдан әрі – зақым келген қызметкер) МӘС жүргізу кезінде мынадай КЕА-ның себептері белгіленеді:

- 1) еңбек жаракаты;
- 2) кәсіптік ауру.

29. Егер куәландырылатын адам мүгедектік себебін ауыстырғысы келсе, осы Қағидалардың 9-тармағының 8), 9), 10) тармақшаларына сәйкес себептік-салдарлық байланысты растайтын құжаттарды МӘС бөліміне ұсынған күні мүгедектік себебін өзгерту肯 күн болып есептеледі.

30. Мүгедектік мынадай мерзімдерге:

жеті жасқа дейінгі адамдарға – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға немесе жеті жасқа толғанға дейін;

жеті жастан он сегіз жастағы адамдарға – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға немесе он сегіз жасқа толғанға дейін;

он сегіз жастан асқан адамдарға – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға немесе қайта куәландыру мерзімінсіз белгіленеді.

31. Қайта куәландыру мерзімінсіз мүгедектік:

1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жасы он сегізден асқан адамдарға мүгедектік тобы және (немесе) КЕА дәрежесі қайта куәландыру мерзімінсіз және (немесе) ЖЕА дәрежесі міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысуышы осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толғанға дейін белгіленетін Қалпына келмейтін анатомиялық кемістіктер тізбесіне (бұдан әрі – Қалпына келмейтін анатомиялық кемістіктер тізбесі) сәйкес;

2) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес Он сегіз жастан асқан адамдарға мүгедектік 5 жыл мерзімге белгіленетін аурулардың, ақаулардың тізбесінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда организм функцияларының тұрақты, қалпына келмейтін өзгерістері мен бұзылулары болған, толық көлемде жүргізілген оңалту іс-шаралары тиімсіз, оперативті емдеу және/немесе органдардың трансплантациясын қоса алғанда, мүгедектік тобы тұрақты болған кезде және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды кемінде төрт жыл, екінші топтағы мүгедектігі бар адамды кемінде бес жыл, үшінші топтағы мүгедектігі бар адамды кемінде алты жыл динамикалық қадағалаған кезде;

3) осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген зейнет жасындағы адамдарға оңалту болжамы қолайсыз болған кезде белгіленеді.

**Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2024 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Он сегіз жастан асқан адамдарға мүгедектік осы Қағидаларға 11-қосымшага сәйкес он сегіз жастан асқан адамдарға мүгедектік 5 жыл мерзімге белгіленетін аурулар, ақаулар тізбесіне сәйкес 5 жыл мерзімге белгіленеді.

33. Жоғалтылған еңбек ету қабілетіне пайыздық қатынаста көрсетілген адамның жұмысты орындау, қызмет көрсету қабілетінің төмендеу деңгейін сипаттайтын ЖЕА дәрежесі мынадай мерзімдерге: 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға, он сегіз жасқа толғанға дейін, міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толғанға дейін белгіленеді. Мүгедектігі бар адамға ЖЕА дәрежесі кезекті қайта қуәландауды мерзімімен белгіленген кезде ЖЕА дәрежесі осы әлеуметтік қатер бойынша мүгедектік мерзімі аяқталғанға дейін белгіленеді.

34. Міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толғанға дейінгі ЖЕА дәрежесі:

1) қалпына келмейтін анатомиялық кемістіктер тізбесіне сәйкес;

2) организм функцияларының тұрақты, қалпына келмейтін өзгерістері мен бұзылулары болған, толық көлемде жүргізілген оңалту іс-шаралары тиімсіз, оперативті емдеу және/немесе органдардың трансплантациясын қоса алғанда, ЖЕА дәрежесі тұрақты болған кезде және ЖЕА дәрежесі 80-нен 100 пайызды қоса алғанға дейінгі шегінде мүгедектігі бар адамдарды кемінде төрт жыл, 60-тан 79 пайызды қоса алғанға дейінгі шегінде кемінде бес жыл, 30-дан 59 пайызды қоса алғанға дейінгі шегінде кемінде алты жыл динамикалық қадағалаған кезде белгіленеді.

35. КЕА дәрежесі мынадай мерзімдерге: 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға немесе қайта қуәландауды мерзімінсіз белгіленеді. Мүгедектігі бар адамға кезекті қайта қуәландауды мерзімімен КЕА дәрежесі белгіленген кезде өндірістік жарақат және (немесе) кәсіптік ауру бойынша КЕА дәрежесі мүгедектік мерзімі аяқталғанға дейін белгіленеді.

36. Қайта қуәландауды мерзімінсіз КЕА дәрежесі:

1) Қалпына келмейтін анатомиялық кемістіктер тізбесіне сәйкес;

2) организм функцияларының тұрақты, қалпына келмейтін өзгерістері мен бұзылулары болған, толық көлемде жүргізілген оңалту іс-шаралары тиімсіз, оперативті емдеу және/немесе органдардың трансплантациясын қоса алғанда, КЕА дәрежесі тұрақты болған кезде және КЕА дәрежесі 90-нан 100 пайызды қоса алғанға дейінгі адамдарды кемінде төрт жыл, 60-тан 89 пайызды қоса алғанға дейін кемінде бес жыл, КЕА дәрежесі 30-дан 59 пайызды қоса алғанға, 5-тен 29 пайызды қоса алғанға дейін кемінде алты жыл динамикалық қадағалаған кезде;

3) зейнет жасындағы адамдарға оңалту болжамы қолайсыз болған кезде белгіленеді.

37. Мүгедектік мерзімдері мен еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежелері қуәландаулатын адамның оңалту болжамы мен оңалту әлеуетіне сәйкес белгіленеді.

38. Оңалту болжамы былайша бағаланады:

қолайлы – организмнің бұзылған функциялары мен тіршілік-тынысының шектелу санаттарын толық қалпына келтіру және (немесе) орнын толтыру, мүгедектігі бар адамды қоғамға етene араластыру мүмкіндігі;

біршама қолайлы – олардың шектелу дәрежесі төмендеген немесе тұрақтанған жағдайда, кірігу және толық әлеуметтік қолдаудан ішінара әлеуметтік қолдауға өту қабілеті кеңейген жағдайда организмнің бұзылған функциялары мен тіршілік-тынысының шектелу санаттарын ішінара қалпына келтіру мүмкіндігі;

күмәнді – болжамның анық болмауы;

қолайсыз – организмнің бұзылған функцияларын және тіршілік-тынысы санаттарын қалпына келтіру немесе орнын толтыру мүмкіндігінің болмауы.

39. Оңалту әлеуеті былайша бағаланады:

жоғары – денсаулықтың, тіршілік-тынысындағы шектеулердің, еңбекке қабілеттігі мен әлеуметтік мәртебесінің толығымен қалпына келтірілуі (толық оңалту);

қанағаттанарлық – организм функцияларының шамалы білініп бұзылуы, тіршілік-тынысы санаттарын шектелген көлемде немесе техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдар арқылы орындау мүмкіндігі, әлеуметтік қолдауға мұқтаждық;

төмен – организм функциялары бұзылушылығының айқын білінуі, тіршілік-тынысы санаттарының көпшілігін едәуір шектеулермен орындау, мүгедектігі бар адамның әлеуметтік қолдауға үнемі мұқтаж болуы;

оңалту әлеуетінің болмауы – организм функцияларының өте айқын бұзылуы, негізгі қызмет түрлерінің орнын толтыруға немесе өздігінен орындауға мүмкіндіктің болмауы, өзгелердің күтіміне мұқтаж болу.

40. ОЖБ осы ОЖБ-ны іске асыру мерзіміне сәйкес келетін әрбір оңалту іс-шарасын іске асыру мерзімі көрсетіле отырып, мүгедектікті белгілеу мерзіміне әзірленеді.

ОЖБ:

1) ОЖБ-ның медициналық бөлігінен;

2) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігінен;

3) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ОЖБ-ның кәсіптік бөлігінен тұрады.

Медициналық ұйымның мультидисциплинарлық топ ОЖБ-ның медициналық бөлігін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) бекітілген Медициналық оңалту көрсету қағидаларына және диагностика, емдеу және оңалтудың клиникалық хаттамаларына сәйкес әзірлейді, ДКҚ төрағасының ЭЦҚ-сымен қуәландырылады.

41. Жүргізілген оңалту-сараптама диагностикасының нәтижелеріне және мүгедектігі бар адамның оңалту іс-шараларын жүргізуге қажеттілігіне қарай, № 031/e

нысанды көрсетілген оңалту іс-шараларының жоспарын ескере отырып МӘС бөлімшесі

:

1) ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігін:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 288 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32994 болып тіркелген) бекітілген Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қыын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну қағидалары;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 286 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32992 болып тіркелген) бекітілген Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну қағидалары;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 287 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32993 болып тіркелген) бекітілген Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидалары;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 283 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32988 болып тіркелген) бекітілген Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторийлік-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларына сәйкес медициналық-әлеуметтік көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер негізінде;

2) мүгедектігі бар адамның еңбек және кәсіби қызметін ескере отырып, ОЖБ-ның кәсіптік бөлігін әзірлейді.

Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын жақсартуға ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігін әзірлеу үшін мүгедектігі бар адамның немесе оның занды өкілі осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрғын үй-тұрмыстық жағдайды тексеру актісін ұсынады. Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайды тексеру актісін жергілікті атқарушы органдардың мамандары жүргізеді.

**Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2024 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**7-параграф. Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) кезінде сараптамалық қорытындыны қалыптастыру ерекшелігі**

42. Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) кезінде сараптамалық қорытынды:

Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) кезінде сараптамалық қорытынды:

1) алғаш рет, аурулардың, мертігулердің (жараланудың, жарақаттанудың, контузиялардың) еңбекте мертігумен, кәсіптік аурумен, төтенше экологиялық жағдайлармен, ядролық жарылыстар мен сынақтар жүргізу кезіндегі радиациялық әсермен, ядролық объектілердегі авариялардың салдарларын жоюмен, сондай-ақ әскери және қызметтік борышын орындаумен себеп-салдарлық байланысы туралы құжаттар болмаса;

2) қайта куәландыру, аурулардың, мертігулердің (жараланудың, жарақаттанудың, контузиялардың) еңбекте мертігумен, кәсіптік аурумен себеп-салдарлық байланысы туралы құжаттар болмаса;

3) нозологиялық нысандар тізбесіне сәйкес келетін диагноздармен шығарылады.

43 МӘС/МӘС ӘББ бөлімдерінің эксаумақтық сарапшылары:

1) еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімдері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) бекітілген Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық паравын немесе анықтамасын беру қағидаларына сәйкес келмеген кезде;

2) мүгедектік белгілеуге деректер болмаған кезде (алғаш куәландыру кезінде);

3) мүгедектік тобын күшетуге деректер болмаған кезде (қайта куәландыру кезінде)

;

4) соңғы 2 айда куәландыру болған кезде сараптамалық шешімде "негізсіз жолданған" деп белгілейді.

44. № 031/е нысаны МӘС/МӘС ӘББ бөлімдерінің екі немесе үш эксаумақтық сарапшылары:

1) организм функцияларының бұзылу дәрежесін дәлелдейтін зертханалық және функционалдық зерттеулер деректері болмаған кезде;

2) медициналық-әлеуметтік көрсетілімдер болса да оңалту іс-шараларының жоспарында ұсынымдар болмаған кезде;

3) құжаттар/мәліметтер және/немесе олардағы деректер сәйкес келмеген кезде сараптамалық шешімде "сапасыз толтырылды" деп белгілеген жағдайларда қайтарылады

"Сапасыз толтырылған" деген белгісі бар "МӘС сараптамалық қорытындысы туралы хабарлама" оны қайтару себептерін жою және адамды сырттай проактивті куәландаудыруға (қайта куәландауды) қайта жіберу мәселесін шешу үшін медициналық ұйымдарға жолданады.

45. МӘС/МӘС ӘББ бөлімдерінің екі немесе үш эксаумактық сарапшыларымен сараптамалық шешімде:

диагноздың сырттай проактивті куәландауды (қайта куәландауды) жүргізілетін нозологиялық нысандар тізбесіне сәйкес келмеуі;

куәландауды мақсатының сәйкес келмеуі;

организм функцияларының бұзылу дәрежесін дәлелдейтін зертханалық және функционалдық зерттеулер деректерінің сәйкес келмеуі белгіленген жағдайда;

сондай-ақ, мүгедектік тобы бойынша сараптамалық шешім (1/1/1) сәйкес келмеген жағдайда:

1) №031/е нысаны куәландаушы адамның тұрақты тіркелген жері бойынша МӘС бөліміне автоматты түрде жолданады.

2) автоматты түрде:

ҚР ДСМ АЖ-ға МАЖ-ға жолдау үшін - көрсетілетін қызметті алушыны көзбе-көз куәландаудыруға тұрақты тіркелген жері бойынша МӘС бөліміне бару қажеттілігі туралы мәлімет көрсетілген № 031/е нысанындағы "МӘС-тің сараптамалық қорытындысы туралы хабарлама";

көрсетілетін қызметті алушыға (оның өкіліне) sms-хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күн ішінде тұрақты тіркелген жері бойынша МӘС бөліміне көзбе-көз куәландаудыруға сағат 15.30.ден 18.00.ге дейін хабарласу қажет екені туралы sms-хабарлама жолданады.

МӘС бөлімі көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні, МӘС бөлімі басшысының ЭЦК-мен қол қойылған сараптамалық қорытынды шығарады.

Көрсетілетін қызметті алушы келмеген жағдайда sms-хабарлама қайта жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы 4 (төрт) жұмыс күн ішінде келмеген жағдайда немесе көзбе-көз куәландаудан бас тартқан жағдайда автоматты түрде:

1) ҚР ДСМ АЖ-ға МАЖ-ға жолдау үшін - "сапасыз толтырылған" белгісімен №031/е нысанының "МӘС-тің сараптамалық қорытындысы туралы хабарламасы" және пациенттің көзбе-көз куәландаудыруға келмегендігі (келмеу немесе көзбе-көз куәландаудан бас тарту) туралы ақпарат;

2) көрсетілетін қызметті алушыға (оның өкіліне) оны МӘС-ке жолдама берген медициналық ұйымға жолығу қажет екені туралы sms-хабарлама жолданады.

46. Сараптамалық шешім эксаумақтық сарапшының ЭЦК-сымен қол қойылғаннан кейін осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес сараптамалық шешімдер парағын қалыптастыра отырып, "МОДБ" ААЖ-дағы "Тіркелген МӘС актілерінің тізілімі" модуліне түседі.

47. Сараптамалық шешімдер сәйкес келмеген жағдайда (1/1/1) мүгедектік тобының сәкес келмеуін қоспағанда, сараптамалық қорытынды эксаумақтық сарапшы – МӘС бөлімінің басшысымен автоматты түрде жасалған сараптамалық шешімнің мәліметтерін салыстыру негізінде шығарылады.

48. МӘС актісі қуәландыруши адамның тұрақты тіркелген жері бойынша МӘС бөліміне келіп түскен күні сараптамалық қорытындыға МӘС бөлімшесі басшысының ЭЦК-мен қол қойылады және автоматтандырылған режимде:

1) медициналық ұйымға - №031/e нысандағы "МӘС-тің сараптамалық қорытындысы туралы хабарлама";

2) көрсетілетін қызметті алушыға (оның өкіліне) - қабылданған сараптамалық қорытынды мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін электрондық үкімет" [www.egov.kz](http://www.egov.kz). веб-порталынан алу мүмкіндігі туралы sms-хабарлама жіберіледі.

## **8-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері**

49. Куәландырылатын адамның деректері "МОДБ" ААЖ-га енгізіледі, онда осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша автоматтандырылған режимде электрондық МӘС актісі, осы Қағидаларға 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша МӘС бөлімінің және МӘС әдіснама және бақылау бөлімінің МӘС жүргізу хаттамаларының журналдары және ережелері, осы Қағидалардың 51-тармағында көрсетілген құжаттар қалыптастырылады.

50. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтер "МОДБ" ААЖ-дан автоматты түрде мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі ақпараттық жүйесіне түседі.

51. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушы немесе оның занды өкілі "электрондық үкімет" [www.egov.kz](http://www.egov.kz). веб-порталында "жеке кабинет" арқылы мынадай құжаттарды алады:

1) мүгедектік белгіленген кезде - осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама;

2) ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігін әзірлеген кезде - мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оқалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік бөлігінен үзінді көшірме. Еңбек жарақаты және/немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедектігі бар адамдар үшін - ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігі;

3) ОЖБ-ның кәсіптік бөлігін әзірлеген кезде - мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оқалтудың жеке бағдарламасының кәсіптік бөлігінен үзінді көшірме. Еңбек жарақаты және/немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедектігі бар адамдар үшін - ОЖБ-ның кәсіптік бөлігі;

4) ЖЕА дәрежесі белгіленген кезде - осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама;

5) КЕА дәрежесі белгіленген кезде - осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтама, кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтамадан және медициналық-әлеуметтік сараптама актісінен үзінді көшірме;

6) зардап шеккен қызметкердің қосымша көмек түрлеріне және күтімге мұқтаждығы айқындалған кезде - осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зардап шеккен қызметкердің көмектің қосымша түрлеріне және күтімге мұқтаждығы туралы қорытынды;

7) кезекті қайта куәландыру кезінде куәландырылатын адам мүгедектігі бар адам деп танылмаған кезде – осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектік тағайындалмауы туралы хабарлама беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері тұрақты тіркелген жері бойынша МӘС бөлімімен көрсетілетін қызметті алушы немесе оның өкілінің талабы бойынша қағаз жеткізгіште беріледі

Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) кезінде құжаттарға "Сараптамалық қорытынды сырттай проактивті шығарылды" деген белгі қойылады.

## 52. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері:

медициналық ұйымға - №031/е нысанының "МӘС сараптамалық қорытындысы туралы хабарламасы";

көрсетілетін қызметті алушыға (оның заңды өкіліне) - sms-хабарлама.

Алғашқы куәландыру кезінде куәландырылатын адам мүгедектігі бар адам деп танылмаған, ОЖБ-ны әзірлеуге медициналық-әлеуметтік көрсетілімдердің болмауына байланысты ОЖБ әзірлеуге немесе оны түзетуге негіzsіз жіберген кезде – куәландырылған адамға немесе заңды өкіліне № 031/е нысанының МӘС сараптамалық қорытындысы туралы хабарламасының телнұсқасы беріледі.

53. Бекітілгеннен кейін ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігі есепке алу және ұсынылған оналту іс-шараларын кейіннен орындау үшін автоматтандырылған режимде "Е-собес" ААЖ-ға, ОЖБ-ның кәсіптік бөлігі "Еңбек нарығы" ААЖ-ға келіп түседі.

Әскери қызмет өткериуге міндettі адамдар және мүгедектер деп танылған мерзімді әскери қызметшілер туралы мәліметтер ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдарына "МОДБ" ААЖ-дан мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы беріледі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелер арасында өзара іс-қимыл болмаған жағдайда, әскери міндettілер мен мүгедектер деп танылған мерзімді әскери қызметшілер туралы мәліметтер ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдарына үш жұмыс күні ішінде жіберіледі.

## **9-параграф. Қөзбе-көз куәландыруға (қайта куәландыруға) шағымдану**

54. Куәландырылатын адам немесе оның заңды өкілі сараптамалық қорытындымен келіспеген кезде оны алған күннен бастап үш айдан кешіктірмей әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға шағым береді.

Шағымдану Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады және шағым келіп түскен күннен бастап 20 (жидырма) жұмыс күні ішінде қарастырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағымдануға Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

55. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер проблемалары бойынша аумақтық бөлімшенің және (немесе) оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым аумақтық бөлімшенің басшысының не Комитеттің басшысының атына беріледі.

Аумақтық бөлімшелердің, Комитеттің мекенжайына келіп түскен шағым, оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет сапасыз, уақытылы қөрсетілмеген кезде, куәландырылатын адам және/немесе оның заңды өкілі мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен шағым, оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

## **10-параграф. Сырттай проактивті куәландыруға (қайта куәландыруға) шағымдану**

56. Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның заңды өкілі сараптамалық қорытындымен келіспеген кезде оған тұрақты тіркелген жері бойынша аумақтық бөлімшеге шағым жасайды.

Тұрақты тіркелген жері бойынша аумақтық бөлімшеге шағым берген кезде 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы аумақтық бөлімшенің МӘС мәселелері жөніндегі басшысының орынбасары сараптамалық шешімдер парагында актінің нөмірі бойынша шағым жасалғанын белгілейді және ашылған "шағым бойынша сырттай қайта куәландыру" модальдық терезесіндегі жолдарды толтырады.

Енгізілген және сақталған деректер негізінде осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Сырттай проактивті куәландырудың (қайта куәландырудың) сараптамалық қорытындыларына шағым жасау журналы" қалыптастырылады.

Комитет маманы 2 (екі) жұмыс күні ішінде МӘС актісін эксаумақтық МӘС ӘББ-нің қарауына жібереді, оны "МОДБ" ААЖ автоматтандырылған режимде айқындайды.

МӘС эксаумақтық ӘББ МӘС актісінің иесіздендірілген деректері негізінде ол келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сараптамалық қорытынды шығарады және сараптамалық қорытындыны МӘС актісінің қосымшасына енгізеді.

## 11-параграф. Мүгедектікті белгілеу өлшемшарттары

57. Адамды мүгедектігі бар адам деп тану үшін мынадай бірнеше міндетті шарттардың бір мезгілде болуы:

- 1) организм функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулықтың бұзылуы;
- 2) тіршілік-тынысының шектелуі (адамның өзіне өзі қызмет көрсету, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлану, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оку немесе еңбек қызметімен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуы);
- 3) әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру қажеттігі негіздеме болып табылады.

Жас мөлшеріне қарай организмде пайда болатын өзгерістер мүгедектік тобын белгілеу үшін негіздеме болып табылмайды.

58. Тіршілік-тынысының мынадай санаттарының бірінің айқын білінетін шектелуіне не олардың ұштасуына әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттар немесе кемістіктер салдарынан болатын организм функцияларының тұрақты едәуір немесе айқын білінетін бұзылуы бірінші топтағы мүгедектікті немесе бірінші топтағы мүгедектігі бар баланың санатын белгілеу үшін негіз болып табылады:

- 1) үшінші дәрежедегі өзіне-өзі қызмет көрсетуге;
- 2) үшінші дәрежедегі жүріп-тұруға;
- 3) үшінші дәрежедегі еңбек қызметіне (еңбек ету қабілеті);
- 4) үшінші дәрежедегі окуға;
- 5) үшінші дәрежедегі бағдарлай білуге;
- 6) үшінші дәрежедегі қарым-қатынас жасауға;
- 7) үшінші дәрежедегі өзінің мінез-құлқын бақылауға

59. Тіршілік-тынысының мынадай санаттарының бірінің айқын білінетін шектелуіне не олардың ұштасуына әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттар немесе кемістіктер салдарынан болатын организм функцияларының тұрақты білінетін бұзылуы екінші топтағы мүгедектікті немесе екінші топтағы мүгедектігі бар баланың санатын белгілеу үшін негіз болып табылады:

- 1) екінші дәрежедегі өзіне-өзі қызмет көрсетуге;
- 2) екінші дәрежедегі жүріп-тұруға;
- 3) екінші дәрежедегі еңбек қызметіне (еңбек ету қабілеті);
- 4) екінші дәрежедегі окуға;
- 5) екінші дәрежедегі айналасын бағдарлай білуге;

- 6) екінші дәрежедегі қарым-қатынас жасауға;
- 7) екінші дәрежелі өзінің мінез-құлқын бақылауға.

60. Тіршілік-тынысының мынадай санаттары бірінің шамалы білінетін шектелуіне не олардың ұштасуына әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттар немесе кемістіктер салдарынан болатын организм функцияларының тұрақты шамалы бұзылуы үшінші топтағы мүгедектікті немесе үшінші топтағы мүгедектігі бар баланың санатын белгілеу үшін негіз болып табылады:

- 1) бірінші дәрежедегі өзіне-өзі қызмет көрсетуге;
- 2) бірінші дәрежедегі жүріп-тұруға;
- 3) бірінші дәрежедегі еңбек қызметіне (еңбек ету қабілеті);
- 4) бірінші дәрежедегі оқуға;
- 5) бірінші дәрежедегі айналасын бағдарлай білуге;
- 6) бірінші дәрежедегі қарым-қатынас жасауға;
- 7) бірінші дәрежелі өзінің мінез-құлқын бақылауға.

61. Аурулармен, жарақаттардың салдарымен немесе ақаулармен шартталған, өзіне-өзі қызмет көрсету, жүріп-тұру, оқу, бағдарлана білу, қарым-қатынас жасау, ойын және танымдық қызметке, өзінің мінез-құлқын бақылау, қимыл белсенділігі қабілетінің орташа, айқын немесе қатты білінетін шектелуіне әкеп соқтыратын организм функцияларының тұрақты орташа немесе айқын немесе едәуір, қатты білінетін бұзылуы 7 жасқа дейінгі балаға мүгедектік белгілеу үшін негіз болып табылады.

## **12-параграф. Жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу өлшемшарттары**

62. ЖЕА дәрежесі өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысуышысына еңбек ету қабілетінен айырылуға (жоғалтуға) әкеп соқтырған оқиға (әлеуметтік қатер) туындаған кезде белгіленеді.

Тіршілік-тынысының шектелуіне әкеп соқтырған организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын құжаттар болған кезде ЖЕА туындаған деп есептеледі.

63. ЖЕА туындаған кезде өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысуышысына ЖЕА дәрежесі 30-дан 100 пайызды қоса алғанға дейін белгіленеді.

64. Өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысуышысына жіктемеде көзделген, еңбек ету қабілетінен айырылуға әкеп соқтырған организм функцияларының бұзылу дәрежесі бойынша ЖЕА мынадай жағдайларда белгіленеді:

1) еңбек ету қабілетінің орташа білінетін шектелуіне әкеп соқтырған организм функцияларының тұрақты орташа білінетін бұзылуы кезінде 30-дан 59 пайызды қоса алғанға дейін;

2) еңбек ету қабілетінің айқын білінетін шектелуіне әкеп соқтырған организм функцияларының тұрақты айқын білінетін бұзылуы кезінде 60-тан 79 пайызды қоса алғанға дейін;

3) еңбек ету қабілетінің едәуір немесе қатты айқын білінетін шектелуіне әкеп соқтырған организм функцияларының едәуір немесе қатты айқын білінетін тұрақты бұзылуы кезінде 80-нен 100 пайызды қоса алғанға дейін белгіленеді.

### **13-параграф. Кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу өлшемшарттары**

65. Зардал шеккен қызметкерлерге жіктемеде көзделген еңбек ету қабілетінен айырылуға әкеп соқтырған организм функцияларының бұзылу дәрежесі бойынша КЕА дәрежесі мынадай жағдайларда:

1) егер зардал шеккен қызметкер өзінің кәсіби қызметі біліктілігінің орташа немесе шамалы төмендеуімен не атқаратын жұмысы көлемінің азайтылуымен немесе егер, организм функцияларының шамалы білінетін бұзыулары салдарынан оның кәсіптік қызметін орындаудың бұрынғыдан көп күш қажет ететін және (немесе) кәсіптік ауыруы кезінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактор әсерінің азайтылуымен жалғастыруға қарсы көрсетілімдер болмаса, 5-тен 29 пайызды қоса алғанға дейін белгіленеді;

2) егер зардал шеккен қызметкер өзінің кәсіби қызметін әдеттегі өндірістік жағдайларда біліктілігінің айқын төмендеуінен не атқаратын жұмыс көлемінің азаюынан жалғастыруға қарсы көрсетілімдер болмаса, немесе егер ол кәсіптік қызметін организм функцияларының орташа айқын білінетін бұзыулары салдарынан және (немесе) кәсіптік ауыруы кезінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактор әсерінің азайтылуымен жалғастыру қабілетінен айырылған кезде 30-дан 59 пайызды қоса алғанға дейін белгіленеді;

3) егер зардал шеккен қызметкер өзінің кәсіби қызметін организм функцияларының айқын білінетін бұзылуы салдарынан Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес мүгедектігі бар адамға жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленіп, мүгедектігі бар адамның жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып арнайы жұмыс орны құрылып, арнайы жасалған жағдайлардаған көрсетілімдер болғанда 60-тан 89 пайызды қоса алғанға дейін белгіленеді;

4) егер кез келген кәсіби қызмет түрін арнайы жасалған жағдайларда да атқаруға нақты қарсы көрсетілімдері болған кезде, зақым келген қызметкер организм функцияларының қатты айқын бұзуышылықтары салдарынан кәсіптік еңбек ету қабілетінен толық айырылған кезде 90-нан 100 пайызды қоса алғанға дейін белгіленеді.

66. Өндірістік жарақаттың немесе кәсіптік аурулардың салдары кезінде КЕА дәрежесі организм функцияларының бұзылу және еңбек ету қабілетінің шектелу дәрежесіне сәйкес келетін мөлшер шегінде белгіленеді. Өндірістік жарақаттар немесе

кәсіптік аурулар салдары функциялардың бұзылу сипаты бойынша әртүрлі болған кезде, КЕА дәрежесі ауырлық дәрежесі бойынша айқын білінетіндігіне қарай айқындалады.

КЕА дәрежесі егер өндірістік жарақат немесе кәсіптік ауру зардап шеккен қызметкердің бұрыннан бар ауруын (-ауруларын) және (немесе) өндірістік жарақатын (-жарақаттарын) нашарлатып жіберген әрбір жағдай бойынша жеке пайызben белгіленеді. Кәсіптік еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесі туралы анықтаманың артқы бетінде бұрын белгіленген қайта куәландыру мерзімінсіз немесе белгілеу мерзімі өтпеген КЕА дәрежесі көрсетіледі. Бұл ретте КЕА пайызы организм функцияларының бұрынғы бұзылуының және еңбек ету қабілеті шектелуінің біліну дәрежесіне КЕА пайызы организм функцияларының білінетін бұзылулары мен еңбек ету қабілетінің шектелу дәрежесіне сәйкес келетін мөлшер шегінде жалпы айқындалатыны ескеріле отырып, белгіленеді.

67. МӘС бөлімі КЕА дәрежесі белгіленген мерзімге Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 937-бабына сәйкес медициналық ұйымдардың ұсынымдарының негізінде куәландырылатын адамның:

1) қосымша медициналық көмекке (тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне енбейтін), оның ішінде қосымша тамақтануға және дәрі-дәрмек сатып алуға;

2) зақым келген қызметкерге басқа адамның, оның ішінде оның отбасы мүшелері жүзеге асыратын құтімге (арнайы медициналық және тұрмыстық);

3) санаторлық-курорттық емделу кезеңіндегі барлық демалыс уақытына және зақым келген қызметкердің емделу орнына баруына және келуіне, қажетті жағдайларда - оны алып жүретін адамның санаторлық-курорттық емделу орнына бару және кейін келу жол ақысын қоса алғанда, санаторлық-курорттық емделуге;

4) зақым келген қызметкерге еңбек қызметіне және тұрмыста қажетті техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарына;

5) осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес еңбек жарақаты немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедектігі бар адамдарды арнайы автокөлікпен қамтамасыз етуге арналған медициналық көрсетілімдер тізбесі негізінде мүгедектігі бар адамдарды арнайы автокөлікпен қамтамасыз ету;

6) кәсіптік оқуға (қайта оқуға);

7) қажетіне қарай арнаулы жағдайлар жасай отырып жұмысқа орналастыруға қажеттілігін анықтайды.

**14-параграф. Мүгедектік мерзімін және (немесе) еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін есептеу және бұрын белгіленген мүгедектік мерзімін және (немесе) еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін қайта куәландыру тәртібі**

68. Мүгедектігі бар адамдар мен еңбек ету қабілетінен айырылған адамдар белгіленген мүгедектіктің және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесінің мерзімдерін сақтай отырып Қағидалардың 30, 33, 35-тармақтарына сәйкес қайта куәландаудан өтеді.

69. Егер куәландаурылатын адамның құжаттары "МОДБ" ААЖ -ға түспесе немесе куәландаурылатын адам МӘС бөліміне мерзімінде келмесе және қайта куәландауру кезінде оған қайтадан мүгедектік және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген болса, онда өткізіп алған кезеңге мерзім:

1) қайта куәландаурудың алдыңғы белгіленген күнінен бастап бір айдан аспайтын қайта куәландаурудың кезекті мерзімін өткізіп алған кезде – бір айға дейін;

2) үш жылға дейін – дәлелді себеппен қайта куәландаурудың кезекті мерзімін өткізіп алған кезде (ұзақ үздіксіз стационарлық емдеу салдарынан кезекті қайта куәландауруға келудің мүмкін еместігі);

3) әрекетке қабілетсіз деп тану және қамқоршыны тағайындау жөніндегі рәсімдерді жүргізу себебі бойынша қайта куәландаурудың мерзімін өткізіп алған кезде – бір жылға дейін есептеледі.

**Ескерту. 69-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2024 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2024 № 104 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

70. Төтенше жағдай кезеңінде, төтенше ахуал кезінде қайта куәландауру мерзімі төтенше жағдай енгізілгенге және төтенше ахуал жарияланғанға дейін бір айдан аспайтын уақытта және төтенше жағдай, төтенше ахуал кезінде басталған және көрсетілген кезеңдерде куәландаудан қайта өтпеген адамдарға мүгедектік, еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі және мүгедектігі бар адамдардың ОЖБ мерзімдері төтенше жағдай кезеңінде, төтенше ахуал кезінде автоматты түрде ұзартылады. Төтенше жағдай режимінің, төтенше ахаул қолданысы аяқталған ай толық есептеледі.

**Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 11.04.2024 № 104 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

71. Мүгедектігі бар адамдарды және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылған адамдарды, сондай-ақ оларға мүгедектік немесе еңбек ету қабілетінен айырылу қайта куәландауру мерзімінсіз немесе Кодекстің 207-бабының, 1-тармағында көзделген жасқа толғанға дейін белгіленген адамдарды мүгедектіктің және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылу мерзімінен бұрын қайта куәландауру мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидалардың 9-тармағында айқындалған құжаттар негізінде:

денсаулық жағдайы өзгерген кезде;

мүгедектік себебін өзгерту мақсатында;

мерзімінен бұрын қайта қуәландыру кезінде себебін көрсете отырып қуәландыратын адамның өтінішінде,

2) МӘС актісінде (актілерінде) бар деректердің негізінде:

МӘС бөлімінің сараптамалық қорытындысының негізділігіне бақылау жүргізу кезінде;

мүгедектікті және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылуды белгілеу мерзіміне қарамастан дәйексіз құжаттарды ұсыну, сараптамалық қорытындыны негіzsіz шығару фактілері анықталған кезде жүргізіледі.

Осы тармақта көзделген жағдайларда қуәландырылатын адам бұрын берілген мүгедектігі туралы анықтаманы, жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтаманы және кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтаманы қайтарады.

72. Жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Цифрлық даму, инновациялар және азроғарыш өнеркәсібі вице-министрлері, техникалық іркіліс болған МАЖ өкілі қол қойған азаматтар арасында әлеуметтік шиеленіске жол бермеу мақсатында:

1) МОДБ" ААЖ құжаттарды, олардың МАЖ-да қалыптасу күніне қарамастан қабылдайды;

2) Сараптамалық қорытынды шығару кезінде мерзімді:

қайта қуәландыру кезінде – бұрын белгіленген мүгедектікті, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесінің мерзімін ескере отырып;

алғашқы қуәландыру кезінде – №031/е нысаны МАЖ-дан ҚР ДСМ АЖ-не жіберілген күннен бастап есептейді.

73. МӘС әдіснама және бақылау бөлімі медициналық-әлеуметтік сараптамага анық емес құжаттарды ұсыну және (немесе) сараптамалық қорытындыны негіzsіz шығару фактісін анықталған кезде бақылау бойынша көзбе-көз қайта қуәландыруды жүргізеді.

**Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2024 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

73-1. Бақылау бойынша қайта қуәландыру үшін қуәландырылатын адамның немесе оның заңды өкілінің МАБ-та тіркелген абоненттік нөміріне "МОДБ" ААЖ-дан sms-хабарлама жіберілген күннен бастап, ал МАБ-та абоненттік нөмір тіркелмеген жағдайда – шақыруды пошта байланысы арқылы алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде мүгедектігі бар адам МӘС әдіснама және бақылау бөліміне келуі қажет.

**Ескерту. Қағидалар 73-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2024 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

73-2. Бақылау бойынша көзбе-көз қуәландыруға келмеген жағдайда МӘС әдіснама және бақылау бөлімі Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттама

рәсімдейді, оның негізінде бақылау бойынша қайта күеландыруға және сараптамалық қорытынды шығарғанға дейін мүгедектік және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесімен байланысты жәрдемақылар мен төлемдер тоқтатылады.

**Ескерту. Қағидалар 73-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2024 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

73-3. МӘС бөлімінің сараптамалық қорытындысының негізділігіне бақылау жүргізу кезінде МӘС әдіснама және бақылау бөлімі қайта күеландырған жағдайларда немесе дәйексіз құжаттарды, негіzsіз шығарылған сараптамалық қорытындыны ұсыну фактілері анықталған кезде мүгедектік және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі:

1) егер мүгедектік тобы күшайтілсе (мүгедектігі бар адам неғұрлым ауыр топқа ауыстырылса) және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі ұлғайтылса, МӘС бөлімі мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеген күннен бастап;

2) егер мүгедектігі бар адам ауырлығы төмен топқа ауыстырылса немесе мүгедектік белгіленбесе және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі төмендетілсе немесе белгіленбесе, не мүгедектік тобы және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі өзгермесе, МӘС әдіснама және бақылау бөлімі тоқтатқан күннен бастап белгіленеді.

**Ескерту. Қағидалар 73-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2024 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**15-параграф. Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасын іске асыру**

74. Оңалту іс-шараларын жүргізу кезінде оңалту іс-шараларын жүзеге асырудың жеке-даралығы, дәйектілігі, кешенділігі, сабактастығы және үздіксіздігі, жүргізілген оңалту іс-шараларын динамикалық байқау және тиімділігін бақылау қамтамасыз етіледі

Медициналық оңалтуды денсаулық сақтау саласындағы заңнамаға сәйкес медициналық ұйымдар жүргізеді.

Әлеуметтік және кәсіптік оңалтуды халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдары, сондай-ақ еңбек жарақаты және/немесе кәсіптік ауру кезінде жұмыс берушілер жүргізеді.

75. ОЖБ-ның медициналық бөлігінің орындалуы туралы деректерді медициналық ұйымдардың мамандары медициналық ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне енгізеді.

ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігінің орындалуы туралы деректер "Е-собес" ААЖ-дан "МОБД" ААЖ-ға, ал ОЖБ-ның кәсіптік бөлігінің орындалуы туралы деректер "Еңбек нарығы" ААЖ-дан автоматтандырылған режимде келіп түседі.

Жұмыс берушілердің ОЖБ-ның әлеуметтік және/немесе кәсіптік бөліктерін орындауы туралы деректерді қуәландырылатын адамның ақпараты негізінде кезекті қуәландыру кезінде МӘС мамандары "МОБД" ААЖ-ға енгізеді.

76. МӘС бөлімі ОЖБ-ның іске асырылуына мониторингті және ОЖБ жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалауды мүгедектігі бар адамды кезекті қуәландыру кезінде жүзеге асырады.

ОЖБ медициналық бөлігінің жүргізілген кешенді оңалту іс-шараларының тиімділігін бағалауды мультипәндік топ, медициналық ұйымның ДКҚ жүзеге асырады.

77. Оңалту іс-шараларын орындау себептеріне қарай, көрсетілімдердің болуы кезінде МӘС бөлімі ОЖБ-ның әлеуметтік, кәсіптік бөліктеріне түзету жүргізеді және (немесе) оңалту іс-шараларын одан әрі жүргізу дің қажеттігі және орындылығы туралы мәселені шешеді.

Медициналық-әлеуметтік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

### **Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге арналған өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жана редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2024 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің \_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша департаменті, \_\_\_\_\_ бөлімі

Жеке сәйкестендіру нөмірі: \_\_\_\_\_

Куәландырылатын адамның тегі, аты, экесінің аты (бар болса): \_\_\_\_\_

Тұған күні: \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: \_\_\_\_\_

Құжаттың нөмірі: \_\_\_\_\_ кім берген \_\_\_\_\_

Берілген күні \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Тіркелген орны: \_\_\_\_\_

облыс \_\_\_\_\_

қала (аудан) \_\_\_\_\_

ауыл: \_\_\_\_\_

көше (шағын аудан) \_\_\_\_\_ -үй \_\_\_\_\_ - пәтер

Сізден мына мақсатта медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуі сұраймын:

1) мүгедектікті белгілеу: мүгедектікті алғашқы белгілеу, мүгедектікті қайта белгілеу (қайта куәландыру), мүгедектік себебінің өзгеруі (керегінің астын сыйзу);

2) жалпы еңбекке қабілетінен айрылу дәрежесін, кәсіптік еңбекке қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу (керегінің астын сыйзу);

3) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасын (ОЖБ) қалыптастыру, ОЖБ түзету, зардап шеккен қызметкердің қосымша көмек түрлеріне және күтімге мұқтаждығын айқындау (керегінің астын сыйзу).

Медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) жүргізу үшін құжаттардың және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынатын мәліметтердің тізбесі:

P/c №	Құжат атаяу	Құжаттағы параптар саны	Ескерту (электрондық немесе қағаз форматта)
1.	жеке басты куәландыратын құжат		
2.	тіркелген орнын растайтын құжат		
3.	МӘС-ке қорытынды		
4.	ОЖБ-ның медициналық бөлігі		
5.	амбулаториялық науқастың медициналық картасы, ауру тарихынан үзінді және зерттеу нәтижелері		
6.	еңбекке уақытша жарамсыздық парагы (анықтамасы)		
7.	еңбек қызметін растайтын құжат және (немесе) өндірістегі еңбек сипаты мен еңбек жағдайлары туралы мәліметтер		
8.	міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (немесе қатыспау) фактісін растайтын құжат		
9.	жазатайым оқига туралы акт		
10.	кәсіптік ауру мен улану диагнозын анықтау (кәсіппен аурудың байланысын анықтау) кезінде сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау үйімінің қорытындысы		

11.	себеп-салдарлық байланысты белгілеген тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган берген құжат		
12.	жарақаттың немесе аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен себеп-салдарлық байланысы туралы сот шешімі		
13.	корғаншылықты (камкоршылықты) белгілеуді растайтын құжат		
14.	атын, әкесінің атын (бар болса), тегін ауыстыру туралы қуәлік		
15.	балаларды қуәландыру (кайта қуәландыру) кезінде - психологиялық-медицина лық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындысы бар болса		

Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысына сәйкес қуәландыруды (қайта қуәландыруды) үйде, стационарда, сырттай (керегінің астын сыйзу) жүргізуге келісім беремін. Мерзімінен бұрын қайта қуәландырылған кезде себебін көрсету \_\_\_\_\_.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүгедектікті және/немесе еңбекке қабілеттінен айырылу дәрежесін белгілеуге және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындауға қажетті менің дербес деректерімді және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жинауға және өндөуге келісім беремін.

Дәйексіз мәліметтер мен жалған құжаттарды ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

Қайта қуәландыру кезінде мүгедектік тобының және соған сәйкес жәрдемақы мөлшерінің өзгеру мүмкіндігі туралы ескертілдім.

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_

Өтініш берушінің, қуәландырылатын адамның немесе заңды өкілдің қолы \_\_\_\_\_

Заңды өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Медициналық-әлеуметтік

Нысан

**Өндірістегі еңбек сипаты мен жағдайлары туралы мәліметтер**

1. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) \_\_\_\_\_
2. Туған күні \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"
3. Үйымның атауы \_\_\_\_\_
4. Кәсібі, лауазымы, мамандығы \_\_\_\_\_
5. Тариф разряды, санаты \_\_\_\_\_
6. Еңбек үйымының түрі: (еңбек шарты, ұжымдық еңбек шарты, жұмыс ауысымы, жұмыс күнінің ұзақтығы, іссапарлардың болуы, еңбек және демалыс режимі) \_\_\_\_\_
7. Функционалдық міндеттері: \_\_\_\_\_
  
8. Еңбек жағдайы (жұмыс орнының санитарлық-гигиеналық сипаты, зиянды өндірістік факторлардың болуы) \_\_\_\_\_
9. Тиімді жұмысқа орналастыру мүмкіндігі \_\_\_\_\_

Күні 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) \_\_\_\_\_  
(басшы) (қолы)

Мөрдің орны (болған жағдайда)

Медициналық-әлеуметтік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
3-қосымша

Нысан

**"Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

**Ескерту. Тізбеке өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2024 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
----	---------------------------------------	---

		<p>Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүргізіледі.</p> <p>Мемлекеттік көрсетіleetіn қызметті сырттай проактивtі көрсету кезінде пациентке сырттай проактивtі куәландыру (қайta куәландыru) жүргізу туралы хабарлаu жәne оның келіsіmіn аlu медициналық ұyим arқыly жүргізіlеді.</p> <p>Mұgедектіk рastau туралы aқparatты жәne oсы tarmaқta kөrsetiлgen, мемлекетtіk қыzmet kөrsetu kезіnde kuәlandyrylatyн adam alғan құjattardыn elektronndyқ nysandaryn beru "elektronndyқ үkіmet" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> web-portalynың (bұdan әri – portal) "jekе kabineti" arқыly ЭЦҚ жәne/nemese biр rettіk parolloydі pайдалана otыryp, kuәlandyrylatyн adamnyң sұrau saluы bойыnsha жүzegе aсыrylady.</p> <p>Kөrsetiletіn қыzmettі alushyғa ұяly bайланыстың abonenttіk құrylғysы arқыly memlekettіk қыzmet kөrsetu nәtiжelereі turалы smc-xabarlama jіberiledi.</p>
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету әдістері	<p>1) жүгінген күні;</p> <p>құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 1 (бір) сағат;</p> <p>көрсетіletіn қыzmettі alushy жүgіngen kүni қыzmet kөrsetudіn rұқsат etiлgen en ұzaq uakty - 1 (bir) safat;</p> <p>көrsetiletіn қыzmettі alushyғa үide, mamandandyrlylgan mekemelerde, tүzeu mekemeleri men tergeu izolyatorlarynda emdelip jatkan jерi bойыnsha қыzmet kөrsetu kезіnде rұқsат etiлgen en ұzaq uakyt kөrsetiletіn қыzmettі berushі ornalascan jerdен bastap kөrsetiletіn қыzmettі alushy ornalascan jergе deйin жol жүру uaktyna bайланысты – 4 сағат;</p>

3.	Мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімі	<p>2) Медициналық-әлеуметтік сараптама (МЭС) бөлімі алдын ала шығарылған сараптамалық корытындысымен бірге куәландырылатын адамды және (немесе) куәландырылатын адамның құжаттарын МЭС әдіснама және бақылау бөліміне консультацияға жіберген кезде – өтінішті тіркеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күн;</p> <p>3) Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) кезінде МЭС актісінің жобасы эксаумактық сарапшыға келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде. МЭС актісінің жобасы сағат 16.00-ден кейін түскен жағдайда сараптамалық корытындыны шығару мерзімі келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі.</p> <p>4) порталда – көрсетілетін қызметті алушы мүгедектікті растау туралы ақпаратты алу үшін өтінімге қол койған сәттен бастап 1 (бір) сағат.</p>
4.	Мемлекеттік қызметті көрсетеу нысаны	<p>Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде/проактивті.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін ұсыну нысаны:</p> <p>1) электрондық портал арқылы – көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттардың электрондық нысандары қызмет алушының "жеке кабинетіне" жолданады:</p> <p>көрсетілетін қызметті алушыға мүгедектік белгіленген кезде – мүгедектік туралы анықтама;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушыға абилитациялау мен оқалтудың жеке бағдарламасының (ОЖБ) әлеуметтік бөлігі әзірленген кезде – мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оқалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік бөлігінен үзінді көшірме;</p> <p>енбек жаракаты және/немесе кәсіптік ауру салдарынан</p>

5.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі

мүгедектігі бар адамдар үшін – ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігі; көрсетілетін қызметті алушыға ОЖБ-ның кәсіптік бөлігі әзірленген кезде – мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оналтудын жеке бағдарламасының кәсіптік бөлігінен үзінді көшірме; еңбек жарақаты және/немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедектігі бар адамдар үшін – ОЖБ-ның кәсіптік бөлігі; көрсетілетін қызметті алушыға жалпы еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі белгіленген кезде – жалпы еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі туралы анықтама; көрсетілетін қызметті алушыға кәсіптік еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі белгіленген кезде – кәсіптік еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі туралы анықтама, кәсіптік еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі туралы анықтамадан және медициналық-әлеуметтік сараптама актісінен үзінді көшірме; зардап шеккен қызметкердің көмектің қосымша тұрлери мен күтімге мұқтаждығы айқындалған кезде – зардап шеккен қызметкердің көмектің қосымша тұрлери мен күтімге мұқтаждығы туралы қорытынды; кезекті қайта күәландыру кезінде мүгедектігі бар адам деп танылмағандарға – мүгедектік тағайындалмауы туралы хабарлама; алғашқы күәландыру кезінде мүгедектігі бар адам деп танылмағандарға – медициналық-әлеуметтік сараптаманың (бұдан әрі - МӘС) сараптамалық қорытындысы туралы хабарлама. 2) көрсетілетін қызметті берушіде қағаз түрінде көрсетілетін қызметті алушы немесе оның занды өкілінің талабы бойынша.

6.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсө-ту кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнама-сында көздел-ген жағдай-ларда оны алу тәсілдері</p>	<p>Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.</p>
7.	<p>Ақпарат объектілерінің, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00 дейін.  Көзбе-көз куәландыруға (қайта куәландыруға) етінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кестесі: сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 15.30-га дейін.  Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) 15.30-дан 18.00 -ге дейін жүргізіледі.  Мемлекеттік қызмет көзбе-көз куәландыру (қайта куәландыру) алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетуіз кезек тәртібінде көрсетіледі;  2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p>
		<p>МӘС және (немесе) МӘС әдіснама және бақылау бөлімдері етінішті қабылдау кезінде ЭЦҚ-мен куәландырылған мынадай электрондық құжаттарды сұратады және "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) куәландырылатын адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәлімет;</li> <li>2) адамды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінде немесе тергеу изоляторында ұстау фактісін растайтын мәліметтер;</li> <li>3) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын,</li> </ol>

сондай-ак оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрық) бекітілген № 031/е нысаны бойынша МӘС-ке қорытынды (бұдан әрі – № 031/е нысаны). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ-34 бүйрығымен бекітілген "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы" ережеге (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27505 болып тіркелген) сәйкес № 031/е нысанының мерзімі оған қол қойылған күнінен бастап бір айдан кешіктірмейтін уақытқа жарамды; 4) медициналық ұйым оны әзірлеген кезде, № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрықпен бекітілген № 033/е нысаны бойынша мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оналтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігі (бұдан әрі – ОЖБ медициналық бөлігі); 5) ауру динамикасын талдау үшін амбулаториялық пациенттің медициналық картасынан мәліметтер болған кезде – ауру тарихынан үзінді-көшірмелер, мамандардың қорытындылары және зерттеу нәтижелері; 6) еңбекке уақытша жарамсызық парагы (анықтама) – жұмыс істейтін адамдар қуәландырудан өткен кезде; 7) алғашқы қуәландыру кезінде, еңбекке қабілетті жастагы адамдарға – еңбек қызметін растайтын құжат (бар болса), ал өндірістік жарақаттар және кәсіптік аурулар кезінде, Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша өндірістегі еңбек

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

сипаты мен жағдайлары туралы мәліметтер (жұмыс беруші толтырады) ұсынылады;

8) жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі алғашқы рет белгіленген кезде – осы әлеуметтік қатер бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (немесе қатыспау) фактісін растайтын мәліметтер;

9) өндірістік жарақат алған және/ немесе кәсіптік ауруға шалдықкан адамға осы жазатайым оқиға бойынша КЕА дәрежесін алғашқы рет белгілеу кезінде мүгедектікті және (немесе) КЕА себебін белгілеу үшін – "Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын рәсімдеу бойынша нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1055 бұйрығын ен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12655 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы акт (бұдан әрі – жазатайым оқиға туралы акт).

Жазатайым оқиға туралы акт болмаса және жұмыс беруші-дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда өндірістік жарақат алған және/немесе кәсіптік ауруға шалдықкан адам ұсынатын еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен жарақаттанудың немесе аурудың себеп-салдарлық байланысы туралы сот шешімі тіркеледі;

10) кәсіптік ауруға шалдықкан адамдарды қуәландырған кезде – кәсіптік ауру және улану диагнозын белгілеу (аурудың кәсіппен байланысын анықтау) кезінде сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сактау үйімінің мәліметтері;

- 11) жаралануға, контузияға, жаракаттануға, мертігүге, ауруға байланысты мүгедектік себептерін анықтау үшін – себеп-салдарлық байланысын белгілейтін тиісті қызмет саласындағы уәкілдегі орган берген құжат туралы мәліметтер;
- 12) қорғанышылдықты (камкоршылықты) белгілеген кезде – қорғанышылдықты (камкоршылықты) растайтын құжат туралы мәліметтер;
- 13) куәландырылатын адамның атын, әкесінің атын (бар болса) және тегін өзгертуді мемлекеттік тіркеген жағдайда қайта куәландыру кезінде – "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы электрондық және қағаз жеткізгіштегі акт жазбаларының, куәліктөр мен анықтамалардың нысандарын бекіту туралы" Қазакстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қантардағы № 9 бүйробымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі № 10173 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша атын, әкесінің атын (бар болса), тегін өзгерту туралы куәлік туралы мәліметтер;
- 14) балаларды куәландыру (қайта куәландыру) кезінде – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындысы бар болса. Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдалануышының үялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қыска мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады. Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда,

куәландырылатын адамның өтінішіне № 031/е нысаны, сондай-ақ тиісті құжаттардың қағаз жеткізгіштегі көшірмелері және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары қоса беріледі.

Сырттай проактивті куәландыру (қайта куәландыру) мынадай құжаттарды:

организм функцияларының бұзылу дәрежесін, диагноздар мен ұсынымдарды көрсете отырып, шағымдарын, объективті тексеру деректерін көрсететін мамандардың консультацияларын; клиникалық, зертханалық, рентгенологиялық және басқа зерттеулердің нәтижелерін; пациенттің жай-күйінің динамикалық өзгерістерін көрсете отырып, амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда, үде, санаторий-курорттық ұйымдарда емделіп шығу жағдайының (емделіп шығу жағдайларының) нәтижелерін;

туындаған асқынуларды; зертханалық зерттеулердің, консультациялардың нәтижелерінің қорытындыларын; оңалту әлеуеті, оңалту диагнозы және оңалту маршрутының шкаласы ескерілген ұсынымдарды ;

жедел/шұғыл медициналық көмек шақырған пациентке белсенді бару нәтижелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэрофарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 155/НҚ бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20495 болып тіркелген) бекітілген Проактивті қызметтер көрсету қагидаларына сәйкес алынған пациенттің немесе оның өкілінің келісімі бойынша № 031/е электрондық нысан негізінде жүргізіледі.

Медициналық электрондық құжаттар аурудың бейінін ескере

		<p>отырып және денсаулық сактау саласындағы стандарттарға, диагностиканың, емдеу мен оналтудың клиникалық хаттамаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бүйрығымен (бұдан әрі – ҚР ДСМ-116/2020 бүйрығы) (Нормативтік күкүйктық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) бекітілген Медициналық оналтуды көрсету қағидаларына сәйкес ұсынылады.</p>
9.	Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздеме	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қолданылу мерзімі өткен күжаттарды ұсынған кезінде;</li> <li>2) күжаттардың толық емес топтамасын (мәліметтерді алу) ұсынған кезінде;</li> <li>3) МӘС бөліміне барып куәландыруға тұрақты тіркелмеген орны бойынша жүгінген кезінде;</li> <li>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.</li> </ol>
		<p>Мемлекеттік қызмет:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тиісті өнірдің МӘС бөлімдері және (немесе) МӘС әдіснама және бақылау бөлімдері орналасқан жерде;</li> <li>2) көшпелі отырыстарда: көрсетілетін қызметті алушының тұрақты тіркелген жеріндегі емдеу-профилактикалық мекеме базасында; мамандандырылған мекемелерде емделіп жатқан орны бойынша; көрсетілетін қызметті алушының барған жері бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде және тергеу изоляторларында; үйде, стационарда – егер адам дәрігерлік-консультациялық комиссияның корытындысына</li> </ol>

10.

Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

сәйкес денсаулық жағдайы бойынша МӘС-ке келе алмайтын болса;

3) сырттай – қуәландырылатын адам тасымалдауға келмейтін және/немесе қызмет көрсетілетін өнірден тыс жерлерде стационарлық емделуде болса көрсетіледі.

4) сырттай проактивті қуәландыру - сырттай проактивті қуәландыру (қайта қуәландыру) жүргізілетін нозологиялық нысандар тізбесіне сәйкес.

Мұгедектік алғаш рет белгіленген жағдайда, адам мұгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мұгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы енбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем, мұгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы және бірінші топтағы мұгедектігі бар адамның құтіміне байланысты жәрдемақы тағайындау үшін МӘС бөліміне жүгінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің [www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz) интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушының мұгедектікі растау туралы ақпаратты және ол мемлекеттік қызмет көрсету кезінде алған құжаттардың электрондық нысандарын ЭЦҚ-сы болған кезде және/немесе бір реттік парольді қолданумен портал арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты "1414", 8-800-080-7777 Бірынғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІК қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық

жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді. МобиЛЬДІК қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторландырудан өтеді, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындасты. Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидалары бекітілген немесе өзгерілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және Бірынғай байланыс-орталығына жібереді.

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына  
4-қосымша

Нысан

### Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Әлеуметтік Кодекстің 155-бабының 4-тармағын басшылыққа ала отырып, Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің \_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша департаментінің \_\_\_\_\_ бөлімі

Сіздің мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптармен көзделген тізбеке сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама бөліміне барып куәландыруға тұрақты тіркелмеген орны бойынша жүгінуізге, қолдану мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) құжаттардың толық емес топтамасын ұсынуыңызға байланысты "Мүгедектікі және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда: қолдану мерзімі өткен/жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

---

МӘС маманының (қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Алдым: \_\_\_\_\_  
көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, (қолы) әкесінің аты (бар болса)  
20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Медициналық-әлеуметтік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
5-көсімша

Нысан

### Медициналық құжаттарды ауытқу себептері

№	Медициналық құжаттарды қайтарудың жүйелік деңгейіндегі қайтарулардың себебі	Қателер коды
1	Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу үшін қажетті пациенттің заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын дербес деректер мен мәліметтерді жинауға, өндеуге және беруге келісімі туралы СМС хабарламаның болмауы	F001
2	№031/e нысанының болмауы	F002
3	№031/e нысанының күні және/ немесе нөмірінің болмауы	F003
4	№031/e нысанының қолданылу мерзімінің аяқталуы (1 ай)	F004
5	Ұялы телефон нөмірінің болмауы	F005
6	Ұялы телефон нөмірінің BMG тіркеуде болмауы	F006
7	№031/e нысанындағы ЭЦҚ болмауы	F007
8	№ 031/e нысанындағы міндетті жолдардың толтырылмауы	F008
9	Медициналық ұйымның БХТ-мен сәйкессіздігі	F009
10	"Сырттай куәландыруға жіберу" өрісі мәнінің "сырттай проактивті куәландауры" мәніне сәйкес келмеуі	F010
11	Көрсетілген "куәландыру мақсатының" сырттай проактивті куәландауруға жатпауы	F011
12	№031/e нысанының "Техникалық құралдарға ұсыныстар" жолында көрсетілген ақауларға сәйкес толтырылған "ОТҚ" АЖ-да сауалнамасының болмауы	F012

13	Сырттай проактивті күэландыру жүргізу үшін АХЖ коды сәйкес келмеуі	F013
14	***() идентификатормен файлдың хэш қосындысы ХЭД сервисіндегі мәліметтермен сәйкес келмейді	F014
15	Идентификатор бойынша *** ХЭД сервисінде файл жоқ	F015
16	Жүйеде MismessageId - ***** ФЛКмен өткен нысан бар	F016
17	Жүйеде ***** ЖСНмен карастырылып жатқан нысан бар	F017

Көрсетілетін қызметті алушының деректері бойынша

18	Көрсетілетін қызметті алушы осы ЖСН бойынша ЖТ МДҚ АЖ-да "қайтыс болған" мәртебесімен тіркелді	REC001
19	Көрсетілетін қызметті алушының ЖСН ЖТ МДҚ АЖ-да ТАӘ сәйкес келмейді	REC002
20	Көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша ЖТ МДҚ АЖ-да тұрақты тіркеуі жоқ	REC003
21	Көрсетілетін қызметті алушы ЖТ МДҚ АЖ-да "шетелге тұрақты тұруға кеткен" мәртебесімен тіркелді	REC004
22	Занды өкіл деректерінің болмауы (балаларда және әрекетке қабілетсіз адамдарда)	REC005

Занды өкілдің деректері бойынша

23	Осы ЖСН бойынша занды өкіл ЖТ МДҚ АЖ-да "қайтыс болған" мәртебесімен тіркелді	LEG001
24	Занды өкіл ЖТ МДҚ АЖ-да "шетелге тұрақты тұруға кеткен" мәртебесімен тіркелді	LEG002
25	Занды өкілдің ЖСН ЖТ МДҚ АЖ-да ТАӘ сәйкес келмейді	LEG003

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына 6-қосымша

Нысан

## Организмің негізгі функцияларының бұзылуын және тіршілік тынысының шектелуін жіктеу

1. Адам организмің негізгі функцияларының бұзылуын жіктеу:

1) организмнің психикалық функцияларының бұзылуы (аңғару, зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу, эмоциялар, жігер, парасат, сана, мінез-құлық, психомоторлық функциялар);

2) сезіну функцияларының бұзылуы (көру, есту, иісті сезу, түйсіну және сезімталдықтың бұзылуы);

3) статикалық-динамикалық функциялардың (бастың, кеуденің, аяқ-қолдың қозғалу функцияларының, статиканың және қозғалыс үйлесімдігінің) бұзылуы;

4) қан айналымы, тыныстау, ас қорыту, сыртқа шығару, зат пен энергия алмасу, ішкі секреция, қан түзілуі, иммунитет функцияларының бұзылуы.

2. Организм функцияларының бұзылуын біліну дәрежесіне қарай жіктеу:

1) функциялардың шамалы білінетін бұзылуы;

2) функциялардың орташа білінетін бұзылуы;

3) функциялардың айқын білінетін бұзылуы;

4) функциялардың едәуір немесе өте айқын білінетін бұзылуы.

3. Тіршілік-тынысының негізгі санаттарын жіктеу:

1) өзін өзі күту қабілеті – негізгі физиологиялық қажеттіктерін өз бетімен қанағаттандыра алу, күнделікті тұрмыстық әрекет жасау және жеке гигиена дағдыларын орындай алу қабілеті;

2) өз бетімен жүріп-тұру қабілеті – кеңістікте өз бетімен қозғала алу, кедергілерден өту, өзі орындайтын тұрмыстық, қоғамдық, кәсіптік қызметтер шегінде денесін тепе-тен қалпында ұстай білу қабілеті;

3) оқу қабілеті – (дәрістік, кәсіби және басқа да) білімді қабылдан және түсіне алу, дағдылар мен машиқтарды (әлеуметтік, кәсіптік, мәдени және тұрмыстық) игеру қабілеті, сондай-ақ білім беру мекемелерінде оқу мүмкіндігі;

4) еңбек қызметіне қабілеті (еңбек қабілеті) – жұмыстың орындалу мазмұнына, көлеміне және шарттарына қойылатын талаптарға сәйкес іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті;

5) бағдарлана білу қабілеті – уақытта және кеңістікте бағдарлана білу қабілеті;

6) қарым-қатынас жасау қабілеті – адамдар арасында ақпаратты қабылдау, қайта өндеу және алмасу жолымен қарым-қатынас орнату қабілеті;

7) өзінің жүріс-тұрысын бақылау қабілеті – өзін сезіне білу және әлеуметтік-құқықтық нормаларды ескере отырып барабар мінез-құлыққа қабілеті;

8) ойын және танымдық қызметке қабілеті – құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасау, алатын тәжірибесінің болмысы мен елесін талдау қабілеті, бала жаста жас ерекшеліктерін ескере отырып оқу және даму қабілеті;

9) белсенді қозғалу қабілеті – баланың денесінің жай-қүйін өзгерту, кеңістікте қозғалу арқылы әртүрлі қимылдарды орындау, объектілердің орнын ауыстыру, қозғалту немесе манипуляциясы, жүру, жүгіру, кедергілерден өту және әртүрлі көлік түрлерін пайдалану қабілеті.

4. Тіршілік-тынысының шектелуін біліну дәрежесіне қарай жіктеу:

1) өзіне өзі қызмет көрсету қабілетінің шектелуі:

бірінші дәреже – көмекші құралдарды пайдалана отырып, өзіне өзі қызмет көрсету қабілеті;

екінші дәреже – көмекші құралдарды пайдалана отырып және (немесе) өзге адамдардың көмегімен өзіне өзі қызмет көрсету қабілеті;

үшінші дәреже – өзін өзі құтуге қабілетінің болмауы және басқа адамдарға толық тәуелді болуы;

2) өз бетімен жүріп-тұру қабілетінің шектелуі:

бірінші дәреже – қажет кезінде көмекші құралдарды пайдалана отырып, неғұрлым көп уақыт жұмсап және қашықтықты қысқарту арқылы өз бетімен жүріп-тұру қабілеті;

екінші дәреже – көмекші құралдарды пайдалана отырып және (немесе) басқа адамдардың көмегімен өз бетімен жүріп-тұру қабілеті;

үшінші дәреже – өз бетімен жүріп-тұруға қабілетсіздігі және басқа адамдарға толық тәуелді болуы;

3) оқуға қабілетінің шектелуі:

бірінші дәреже – оқу процесінің арнайы режимін сақтай отырып және (немесе) қосымша құралдарды пайдалана отырып жалпы үлгідегі оқу орындарында оқуға қабілеттілігі;

екінші дәреже – тек арнайы оқу орындарында немесе арнайы бағдарламалар бойынша үй жағдайында және\немесе көмекші құралдарды пайдалана отырып және (немесе) өзге адамдардың көмегімен оқуға қабілеттілігі;

үшінші дәреже – білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға қабілетсіздігі;

4) еңбек қызметіне қабілетінің (еңбек қабілетінің) шектелуі:

бірінші дәреже – біліктілігін төмендеткен немесе өндірістік қызметтің көлемін азайтқан жағдайда, еңбек қызметін орындауға қабілеті, өз мамандығы бойынша жұмысты орындау мүмкіндігінің болмауы;

екінші дәреже – көмекші құралдарды пайдалана отырып, арнайы жасалған жағдайларда және (немесе) арнайы жабдықталған жұмыс орындарында және (немесе) басқа адамдардың көмегімен еңбек қызметін орындауға қабілеті;

үшінші дәреже – еңбек қызметіне қабілетсіздігі;

5) бағдарлануға қабілетінің шектелуі:

бірінші дәреже – көмекші құралдарды пайдаланған жағдайда бағдарлай білуге қабілеті;

екінші дәреже – қажет кезде көмекші құралдарды пайдалана отырып, басқа адамдардың көмегін талап ететін бағдарлануға қабілеті;

үшінші дәреже – бағдарлануға қабілетсіздігі (дезориентация);

6) қарым-қатынас жасау қабілетінің шектелуі:

бірінші дәреже – ақпаратты менгеру, қабылдау және беру жылдамдығының төмендеуімен, көлемінің кішіреюімен сипатталатын қарым-қатынас жасау, қажет кезінде көмекші құралдарды және (немесе) ымдау тілі маманының қызметін пайдалану қабілеті;

екінші дәреже – көмекші құралдарды пайдалана отырып және (немесе) басқа адамдардың көмегімен қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі;

үшінші дәреже – қарым-қатынас жасауға қабілетсіздігі;

7) өзінің мінез-құлқын бақылау қабілетінің шектелуі:

бірінші дәреже – өзінің мінез-құлқын өз бетімен бақылау қабілетінің ішінара төмендеуі;

екінші дәреже – өзінің мінез-құлқын тек қана бөгде адамдардың көмегімен ішінара немесе толық бақылау қабілеті;

үшінші дәреже – өзінің мінез құлқын бақылау қабілетсіздігі;

8) ойын және танымдық қызметке қабілетінің шектелуі:

бірінші дәреже – организмнің қандай да бір жүйесінде баланың одан әрі дамуын және әлеуметтік-рөлдік ұстанымының қалыптасуын шамалы дәрежеде қыыннататын кемістіктің болуына орай ойын қызметі белсенделілігінің төмендеуі. Орнын толтыру құралдары мен түзеу әдістерін қолданудың қажеттігі. Жүзеге асырылу процесіне баса назар аударуды және жеке тәсілді талап ететін танымдық және ойнау қызметі;

екінші дәреже – уәждеменің едәуір төмендеуіне немесе организмнің негізгі жүйелерінің айқын функционалдық жеткіліксіздігіне немесе соматикалық денсаулықтың бұзылуына орай танымдық және ойын қызметін нәтижелі жүзеге асырудың мүмкін болмауы. Орнын толтыру құралдары мен түзеу әдістерін қолданудың тиімсіздігі;

үшінші дәреже – ойын қызметіне қабілетінің болмауы немесе өте айқын төмендеуі және басқа адамдарға толық тәуелділік;

9) қозғалыс белсенделілігіне қабілетінің шектелуі:

бірінші дәреже – жүру ұзактығының қысқаруы және сапасының нашарлауы, өздігінен жүріп-тұруға жалпы қабілетінің сақталуы кезінде қарапайым орнын толтыру құралдарын немесе тіректі пайдалану, жекелеген қозғалу актілерін орындау немесе жасына қарай көзделген қашықтықты еңсеру кезінде тұрақты көмекті пайдалану аясында еңсеретін қашықтық алыстығының азауы. Ұсақ манипулятивтік қозғалыстардың дамуы екі эпикриздік мерзімге артта қалған. Дене жағдайын ұстая қабілетінің төмендеуі қосымша фиксация құралдарын пайдалану қажеттілігінсіз қозғалу режимінің сақталуын талап етеді;

екінші дәреже – жүру арқылы қашықтыққа қозғалыстың көмекші құралдар орнын толтыра алмайтындағы бұзылуы. Қозғалыс кезінде ересектер тарапынан тұрақты көмек қажет. Денені белгілі бір жағдайда ұстап тұру қабілетінің шектелуі фиксацияның, түзеудің әдістері мен т.б. қосымша тәсілдерін талап етеді. Тепе-тең қозғалу сапасының

ете айқын төмендеуі мен санының азаюы, манипулятивтік қозғалыс дамуының айқын бұзылуышылығы байқалады;

үшінші дәреже – кеңістіктегі қозғалу, дене жағдайын сақтау мен манипулятивтік қызмет қабілетінің өте айқын шектелуі немесе толық болмауы. Қозғалыс функциясын сырттан тұрақты күтіммен немесе көлік құралын (кресло-арба) пайдалану есебінен толық ауыстыру, сондай-ақ толық көлемдегі тұрақты қосымша күтім қажет.

Медициналық-әлеуметтік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
7-қосымша

Нысан

## **Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мүгедектік мерзімдерін белгілеуге арналған медициналық көрсетілімдер**

1. Мүгедектігі бар бала санаты немесе бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар бала санаты 6 ай немесе 1 жыл мерзімге белгіленетін функционалдық өзгерістер мен патологиялық жай-күйлер.

Мүгедектікті белгілеу 6 ай немесе 1 жыл мерзімге бұзылған функцияларды қалпына келтіру немесе едәуір жақсарту, адамның толыққанды өмірге оралу мүмкіндігін көздейді:

1) бас-ми жарақатынан, нейроинфекциядан және жүйке жүйесінің басқа да органикалық ауруларынан кейінгі шамалы білінетін қозғалу, психикалық, сөйлеу бұзылуышықтары;

2) операциядан кейінгі кезеңде (6 айдан астам) ұзақ мерзімді қалпына келтіру және оңалту іс-шараларын талап ететін жай-күй;

3) ағымының ұзақтығы 2 айдан асатын геморрагиялық васкулит кезінде туындаған патологиялық жай-күйлер (екі және одан да көп синдромдардың үйлесуі);

4) асқазанның, ұлтабардың жара ауруының асқынған ағымы;

5) дененің артық салмағы аясында 2-типті орта дәрежедегі қант диабеті;

6) процесс белсенделілігінің жоғары дәрежесі 3 айдан асатын дәнекер тіннің диффуздық зақымдануынан туындаған патологиялық жай-күйлер;

7) баланың тіршілік көрсеткіштері бойынша (айқын білінетін зат алмасу, иммундық, қан тамырларының зақымдануы, қан формуласының өзгеруі және т.б.) тағайындалған әсері күшті препараттарды ұзақ (3 айдан 1 жылға дейін) уақыт пайдаланудан туындаған, ұзақ терапевтік түзеуді талап ететін патологиялық жай-күй;

8) коагулопатиялар мен тромбоцитопатия аясында жатырдан дисфункциялық қан кетуі.

2. Олардың негізінде мүгедектігі бар бала санаты немесе бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар бала санаты 2 жыл мерзімге белгіленетін функционалдық өзгерістер мен патологиялық жай-күйлер.

Бұл топқа қалпына келтіру немесе жақсарту әжептәуір уақыт аралығын қажет ететін немесе болжамы белгісіз патологиялық жай-күйлер енеді:

1) сөйлеу, көру, есту қабілеттерінің бұзылуымен немесе оларсыз жүріп-тұрудың біркелкі білінетін тұрақты бұзылуы (бір немесе бірнеше буынның парезі, плегиялары, тұрақты гиперкинездер, қымыл үйлесімінің бұзылуы және т.б.);

2) сөйлеу қабілетінің тұрақты бұзылуы (алалия, афазия, түзеуге келмейтін түрі), дизартрия мен кекештенудің ауыр түрі;

3) омыртқа жұлынының зақымдануынан болған жамбас органдары функцияларының білінетін бұзылуы;

4) тұрақты терапевтік резистентті эпилептиформалық жай-күйлер (айна 1 және одан да көп ұстамасы болатын), жиі болатын шағын және тырыспасыз ұстамалар аптасына (2-3 рет);

5) ұзақтығы 6 айға және одан да ұзаққа созылатын созылмалы психопатиялық жай-күйлер;

6) есту, көру, сөйлеу, тірек-қымыл аппаратының, басқа да органдардың немесе жүйелердің функциялары мен мінез-құлықтың патологиялық нысандарымен ұштасатын женіл ақыл-ой кемістігі;

7) тұрақты әлеуметтік бейімсізденуге әкеп соқтыратын мінез-құлық патологиясы, эмоционалдық-жігер аясының бұзылуы;

8) жақсырақ көретін көздің көру қабілетінің (түзетумен) 0,19 қоса алғанға дейін төмендеуі немесе жақсырақ көретін көздің көру ерісінің шоғырлану нүктесінен барлық бағыттарда 25 градусқа дейін тарылуы;

9) туа біткен немесе пайда болған кеңірдек, көмекей ауруларының салдарынан трахеотомикалық тұтіксіз өздігінен дем ала алмауы;

10) I-II дәрежелі тыныс жетіспеушілігімен асқынған өкпе-бронх жүйесінің туа біткен немесе журе пайда болған ақаулары, орташа және/немесе күрделі ауырлық дәрежедегі, ішінәра және/немесе бақыланбайтын, ағымы ауыр персистирленетін бронх демікпесі;

11) асқазан-ішек жолдары, бауыр және өт жолдары аурулары, мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия) мен даму ақаулары кезіндегі ас қорыту органдары функцияларының тұрақты білінетін бұзылуы;

12) белгілі бір жасқа дейін оперативтік емдеуге болмайтын жүрек кемістігі, I-II дәрежедегі жүрек-қан тамырлары жеткіліксіздігінен асқынған ірі қан тамырлары дамуының кемістіктері;

13) I-II дәрежедегі жүрек функциясының тұрақты жеткіліксіздігі, айқын білінетін созылмалы гипоксемия, жүрек функциясының бұзылуына байланысты, оның ішінде кардиостимулятор орнатылғаннан кейінгі синкопальдік жай-күйлер;

14) бүйрек функциясының айқын білінетін тұрақты бұзылуы және/немесе бүйрек тініндегі патологиялық процесс белсенділігінің жоғары дәрежесі;

15) терінің және (немесе) шырышты қабықтың қимыл белсенділігінің өте айқын шектелуіне және әлеуметтік бейімсізденуге әкеп соғатын ауқымды зақымдануы (жара болу, эритродермия, айқын қышыну, тыртықтардың пайда болуына байланысты өзгерістер, папилломатоз және басқалары);

16) тұа біткен немесе түқым қуалайтын қан аурулары кезіндегі гемоглобиннің бір литрге 100 граммнан (бұдан әрі – л/г) кем болып төмендей отырып, жылына бір реттен артық болатын анемиялық криздер;

17) қатерсіз ісіктің салдарынан болған орган функциясының айқын бұзылуы және (немесе) айқын білінетін косметикалық кемістік;

18) тірек және қимылдың айқын бұзылуы бар жамбас пен сан буындарының тұа біткен немесе кейіннен шығып кетуі;

19) организм функцияларының біркелкі білінетін бұзылуы бар органдардың немесе жүйелердің туберкулезі;

20) инсулинотерапия аясында немесе помпа арқылы инсулин алушылар, оның ішінде микротамырлық асқынулардың (пролиферативті емес ретинопатия, микроальбуминурия сатысындағы нефропатия, сезімталдықтың бұзылуымен полинейропатия) ерте сатылары бар алғаш анықталған 1-типті қант диабеті;

21) терапияға резистенттік белгілері бар және микротамырлық асқынулардың (пролиферативті емес ретинопатия, микроальбуминурия сатысындағы нефропатия, сезімталдықтың бұзылуымен полинейропатия) ерте сатылары бар 2-типті қант диабеті, қант диабетінің басқа қайталама типтері;

22) қалпына келтіру және негізгі емдеу әдісін таңдау кезеңіне ауыр дәрежелі тиреотоксикоз белгілері бар диффузды уытты зоб;

23) органдардың жарым-жартылай немесе толық аплазиясы бар бет дамуындағы тұа біткен ақауларға, сондай-ақ белгілі бір жасқа дейін оперативтік емдеуге болмайтын (косметикалық операцияларды қоспағанда) жұмсақ тіннің және бет скелетінің кейіннен пайда болған ақауларына байланысты тыныс алу, шайнау, жұтыну, сөйлеу функцияларының айқын білінетін бұзылуы.

3. Мүгедектігі бар бала санаты немесе бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар бала санаты 5 жыл мерзімге белгіленетін функционалдық өзгерістер мен патологиялық жай-күйлер:

1) бірқалыпты ремиссия басталғанға дейінгі тұа біткен түқым қуалайтын зат алмасу аурулары (фенилкетонурия, целиакия, ОЖЖ қайта зақымдануы белгілерімен гипотиреоз және басқалары);

2) бірқалыпты ремиссия басталғанға дейін тіршілік-тынысының бұзылуына және әлеуметтік дезадаптацияға әкеп соқтыратын тұа біткен, түқым қуалайтын аурулар мен синдромдар;

3) бірқалыпты клиникалық-гематологиялық ремиссия басталғанға дейінгі асқынған лейкоз, лимфогрануломатоз;

4) мүгедектікті алғашқы белгілеу кезінде ісік процесінің сатысына қарамастан, хирургиялық және басқа да емдеу түрлерінен кейінгі кез келген жерде орналасқан қатерлі ісіктер;

5) ошақты неврологиялық симтоматикасыз тұрақты өтеуге дейінгі бас сүйектің көлемі үлкейген және гипертензиялық синдромды нақты гидроцефалия, операция жасалған гидроцефалия;

6) сүйек тінінің айқын білінетін ауқымды деструкциялары (остеопороз, шеміршектің қосылуы), сүйектердің, буындардың, бұлышық еттердің қисауына, аяқ-қол функцияларының II-III дәрежедегі бұзылуы бар қайталама патологиялық сынықтарға әкеп соғатын бұлышық еттердің патологиялық өзгерістері (миофизброз, диффузды кальциноз);

7) омыртқа мен кеуде қуысының III-IV дәрежеде қисауына, бір немесе бірнеше аяқ-қол буындарының тартылып және шор болып бітуіне, ірі сүйектер жалған буындарының контрактулары және (немесе) анкилозына байланысты тірек-қымыл аппараты функцияларының бұзылуы;

8) тұа біткен кемістігі салдарынан аяқ-қолдың немесе олардың сегментінің айқын білініп бұзылуы (мутыляция, контрактуралар, синдактилиялар, артропатиялар және басқалар);

9) зәр мен үлкен дәреттің тұрақты тоқтамауы, мерзімі бойынша хирургиялық емдеуге жатпайтын ішектегі, қуық пен қуық-жыныс жолдарындағы жыланкөз жаралар;

10) ақыл-ой кемістігі орташа және оған сәйкес келетін әртүрлі генездегі жарыместік дәрежесі;

11) есту функциясының болмауы (III (56-70 дБ) – IV (71- 90 дБ) дәрежедегі екі жақты құлақ мүкістігі).

12) қайта куәландыру кезінде инсулинотерапия аясында немесе помпа көмегімен инсулин алушылар, оның ішінде микротамырлық асқынулардың (пролиферативті емес ретинопатия, микроальбуминурия сатысындағы нефропатия, сезімталдықтың бұзылуымен полинейропатия) ерте сатылары бар 1-типтегі қант диабеті;

13) қайта куәландыру кезінде 2-типтегі қан диабеті, терапияға резистенттік белгілері бар және микротамырлық асқынулардың (пролиферативті емес ретинопатия, микроальбуминурия сатысындағы нефропатия, сезімталдықтың бұзылуымен полинейропатия) ерте сатылары бар қант диабетінің басқа қайталама типтері;

14) балалар аутизмі, Аспергер синдромы, атиптік аутизмді алғаш куәландыру кезінде – өзара әлеуметтік өзара іс-қымыл мен әлеуметтік коммуникацияға бастамашылық жасау және қолдау қабілетсіздігімен, мінез-құлыштың шектеулі қайталанатын және стереотипті нысандарымен, интеллектуалдық дамудың бұзылуымен немесе бұзылмауымен, сөйлеу функциясының бұзылуымен немесе бұзылмауымен психикалық дамудың бұзылуы.

4. Мүгедектігі бар бала санаты жеті жасқа толғанға дейінгі мерзімге белгіленетін немесе бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар бала санаты он сегіз жасқа дейін белгіленетін функционалдық өзгерістер мен патологиялық жай-күйлер.

Тіршілік-тынысының тұрақты шектелуі, органдар функцияларының сауығу немесе әжептәуір жақсару деректері жоқ, тіршілік әрекетінің үдемелі шектелуі, емдеу мен оналту іс-шараларының болжамды болашағы болмайтын кезде балаға жеті немесе он сегіз жасқа толғанға дейінгі мүгедектік белгіленеді:

1) бір немесе бірнеше аяқ-қолдың орташа білінетін және тұрақты айқын білінетін сал болуы немесе терең парездері, білінетін гипотония және бұлышықет әлсіздігі, тұрақты жайылған гиперкинездер (қос атетоз, хореоатетоз секілді), координацияның орташа білінетін және айқын білінетін бұзылуы;

2) екі және одан да көп жылдар бойы орын алатын терапевтік резистентті тырыспалар (айна 3-4 рет және одан да көбірек);

3) ақыл-ой кемістігі ауыр немесе терең және оларға сәйкес келетін әртүрлі генездегі жарыместік дәрежесі;

4) екі жақты керендік (90 дБ астам), керен-мылқаулық;

5) жұлынның зақымдануына байланысты жамбас органдары функцияларының тұрақты бұзылуы, түзетуге келмейтін ішек және қуық-жыныс жолдарындағы жыланкөз жаралар;

6) тыныс функцияларының айқын бұзылуы бар туда біткен және тұқым қуалайтын қолқа-өкпе жүйесінің зақымдануы (муковисцидоз, асқынған альвеолиттер және өкпенің басқа да жайылмалы аурулары);

7) пайда болған және туда біткен сипаттағы созылмалы бронхиалды-өкпе аурулары кезіндегі II және одан да жоғары дәрежедегі тыныстың тұрақты тарылуы, ентікпелі ұстаманың қалыптасуы және жүрек-тамыр, орталық жүйке жүйесінің бұзылуы кезінде, бүйрек бездерінің созылмалы жеткіліксіздігіне әкеп соқтыратын гормондарға тәуелді бронхиалды ентікпе;

8) жүректің инкурабельді фонындағы ауруларының II-III дәрежедегі тұраланған жүрек кемістігі;

9) туда біткен, тұқым қуалайтын, кейіннен пайда болған ауруларға байланысты бауыр функциясының қайтымсыз айқын бұзылуы;

10) 3-5-сатылды бүйректің созылмалы ауруы (созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі), қатерлі гипертония, бүйректің асқынған қантсыз диабеті;

11) инкурабельді қатерлі ісіктер;

12) орган функциялары бұзылған жағдайда, хирургиялық әдіспен емдеуге келмейтін қатерсіз ісіктер;

13) организм функцияларының айқын білініп бұзылуына әкеп соғатын органдар мен жүйелердің болмауы (туда біткен немесе кейін пайда болған) немесе дамуы айқын жетілмеген кезде туындастын патологиялық жай-күй;

14) аяқ-қолдың бір немесе бірнеше буынының деңгейіне қарамастан келте болуы;

15) өз еркімен жүріп-тұру немесе өзін өзі құту қабілетінің өте айқын шектелуі кезінде анкилоздарға, контрактураларға, патологиялық сынуға, скелеттің қисауына әкеп соғатын скелет сүйектерінің жүйелі зақымдануы және тірек-қозғалыс аппаратының дамуындағы ақаулар;

16) ішкі секреция функцияларының жетіспеушілігі салдарынан организм функцияларының айқын білініп бұзылуы: қалпына келмейтін кейінгі тамырлы асқынуларымен дамыған (препролиферативті және пролиферативті ретинопатия, III дәрежедегі нефропатия, қайталама асқынуларымен және қалпына келмейтін бұзылулармен перифериялық, автономиялық немесе ауырсынатын түрдегі нейропатия, "диабеттік аяқ басы" синдромы) қант диабетінің барлық түрлері, қантсыз диабет (питуитрин-резистентті түрі), гипофиздің гармоналды белсенді ісіктері (гигантизм, Иценко-Кушинг ауруы, пролактинома), туда біткен, пайда болған, оның ішінде операциядан кейінгі, гипопитуитаризм, саматотропинмен емдеуге рефрактелік кезінде гипофизарлы нанизм; бүйрек безінің созылмалы жеткіліксіздігі (Аддисон ауруы, адреналэктомиядан кейінгі жағдай, бүйрек безінің туда біткен дисфункциясы), туда біткен немесе пайда болған гипотиреоздың ауыр түрі, туда біткен немесе кейіннен пайда болған гиперпаратиреоз және гипопаратиреоз, хромосомды аномалияның салдарынан туда біткен жыныстық жіктеудің бұзылуы;

17) созылмалы лейкоз, гистиоцитоз;

18) қан өндірудің орташа және ауыр дәрежедегі туда біткен және кейіннен пайда болған гипо- және апластикалық жай-күйлері (гемоглобин 100 г/л тәмен, тромбоциттер 1 куб. миллиметрде (бұдан әрі – 1 куб. мм) 100 мыңдан тәмен, лейкоциттер 1 куб. мм 4 мыңдан кем);

19) коагулопатия мен тромбопатияның ауыр түрлері, ауыр геморрагиялық криздер үздіксіз қайталанып отыратын созылмалы тромбоцитопеникалық пурпурра (қандағы тромбоциттер саны 50 мың және 1 куб. мм-ден кем);

20) алғашқы иммундық тапшылық жағдайы. Ауыр аралас иммундық жеткіліксіздік, агамма- және гипогаммаглобулинемия, лимфа байланыстарының, өкпенің, бауырдың, басқа да органдардың бактериямен зақымдалуын тудыратын септикалық гранулематоз;

21) қан сарысуындағы Е иммуноглобулиннің бір литрде 1000 КЕД артық концентрациясымен тері асты клетчаткаларының, өкпенің, бауырдың және басқа да органдардың көбіне "салқын" абсцестерін тудыратын Е гипериммуноглобулинемия синдромы;

22) пайда болған иммунитет тапшылығы әсерінен организм функциясының айқын бұзылуы, адамның туда біткен иммундық тапшылық жай-күйлерінің айқын көрінісі;

23) туда біткен және пайда болған анофтальм, бір көздің немесе екі көздің толық көрмеуі;

24) мукополисахаридоз;

25) терінің тұқым қуалайтын аурулары (полидиспластикалық (дистрофиялық), туа біткен буллезді эпидермолиздің қатерлі түрлері, буллезді ихтиозиформды әритродермия);

26) тиісті гендерде мутацияларды растай отырып, генетикалық талдау болған кезде қозғалыс функцияларының бұзылуымен және (немесе) бульбар функцияларының бұзылуымен, бұлшықет атрофиясымен сипатталатын үдемелі бұлшықет дистрофиясы, туа біткен миопатия, туа біткен нейропатия, жұлын бұлшықет атрофиясы;

27) Даун синдромы – кариотиптік талдау негізінде расталған, 21 жұпты хромосомамен трисомия түрінде кариотип бұзылуымен хромосомдық патология;

28) генетикалық растайтын диагнозымен Ретта синдромы;

29) қайта куәландыру кезінде балалар аутизмі, Аспергер синдромы, атиптік аутизм – өзара әлеуметтік өзара іс-құмыл мен әлеуметтік коммуникацияға бастамашылық жасау және қолдау қабілетсіздігімен, мінез-құлықтың шектеулі қайталанатын және стереотипті нысандарымен, интеллектуалдық дамудың бұзылуымен немесе бұзылмауымен, сөйлеу функциясының бұзылуымен немесе бұзылмауымен психикалық дамудың бұзылуы.

30) Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына 10-қосымшага сәйкес қалпына келмейтін анатомиялық ақаулар тізбесіндегі анатомиялық ақаулар.

Медициналық-әлеуметтік  
сараптама жүргізу қағидаларына  
8-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан

\_\_\_\_\_ (өнір, МӘС бөлімінің №, мекенжайы/регион, № отдела МСЭ, адрес)

Медициналық-әлеуметтік сараптаманың № \_\_\_\_\_ актісі Акт медико-социальной экспертизы № \_\_\_\_\_

1 бөлім. Куәландырылатын адам туралы жалпы деректер

Раздел 1. Общие данные об освидетельствуемом лице

1. Сараптаманың басталған күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Дата начала экспертизы

1.1. Сараптаманың аяқталған күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Дата окончания экспертизы

2. Тегі, аты, экесінің аты (болған кезде) \_\_\_\_\_

Фамилия, имя, отчество (при его наличии)

3. Туган күні \_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Дата рождения

3.1. Жасы \_\_\_\_\_

Возраст

4. Жынысы \_\_\_\_\_

Пол

5. Тіркелген орны \_\_\_\_\_

Место регистрации

5.1. Нақты тұратын мекенжайы \_\_\_\_\_

Адрес фактического проживания

6. Куәландырудың мақсаты \_\_\_\_\_

Цель освидетельствования

7. Куәландырудың түрі (бірінші рет / қайта) \_\_\_\_\_

Вид освидетельствования (первичное / повторное)

8. Куәландыруды өткізу орны \_\_\_\_\_

Место проведения освидетельствования

9. Мүгедектік санаты/тобы \_\_\_\_\_

Категория/группа инвалидности

9.1. Мүгедектіктің себебі \_\_\_\_\_

Причина инвалидности

10. Жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі (бұдан әрі - ЖЕА)

Степень утраты общей трудоспособности (далее - УОТ) \_\_\_\_\_

11. Кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі (бұдан әрі - КЕА)

Степень утраты профессиональной трудоспособности (далее - УПТ) \_\_\_\_\_

11.1. КЕА себебі \_\_\_\_\_

Причина УПТ

12. Мүгедектіктің, еңбек ету қабілетінен айырылудының динамикасы \_\_\_\_\_

Динамика инвалидности, утраты трудоспособности

13. Элеуметтік-экономикалық мәртебесі \_\_\_\_\_

Социально-экономический статус

13.1. Білімі \_\_\_\_\_

Образование

13.2. Негізгі кәсібі \_\_\_\_\_

Основная профессия

13.3. Жұмыс орны \_\_\_\_\_

Место работы

13.3.1. Қызметі \_\_\_\_\_

Должность

13.3.2. Еңбектің сипаты мен жағдайлары \_\_\_\_\_

Характер и условия труда

14. Еңбек қалауы \_\_\_\_\_

Трудовая установка

14.1 Еңбек жағдайларын өзгерту \_\_\_\_\_

Изменение условий труда

15. Ұйымдастырылуы (балаларға) \_\_\_\_\_

Организованность (для детей)

15.1. Оқуға қалау \_\_\_\_\_

Установка на учебу

2 бөлім. Организмнің жай-күйі мен тіршілік-тынысының шектелу дәрежесін бағалау

Раздел 2. Оценка состояния организма и степени ограничения жизнедеятельности

16. Организм функцияларының білінетін бұзылу дәрежесі мен түрлері:

